

МЕКТЕП МЫҚТЫ БОЛҒАНДА ҒАНА МЕМЛЕКЕТ МЫҚТЫ БОЛАДЫ!

3-бет



ЖҮК ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРДЫ ҚЫМБАТ ТЕРМИНАЛҒА МӘЖБҮРЛЕУ ЖИІЛЕП КЕТТІ

5-бет



АСЫЛДЫҢ АТЫ ӨШПЕЙДІ...

14-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ

25 ЖЫЛ

QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni@mail.ru || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №45 (1225) 09.11.2026




САҒЫНЫШҚА АЙНАЛЫП, ЖҮРЕККЕ ЖЕТКЕН ӘУЕНДЕР

Қазақ музыка өнерінде әнді адам жанына жеткізе құбылтатын санаулы әйел композиторлар бар. Солардың бірі – Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Құралай Сәтмұхамбет.

8-9 беттер

АБАЙ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІС КЕРЕК!



6 бет

...Мемлекеттік сыйлық – тұлғаға емес, туындыға берілетін сыйлық. Осының аражігін ажыратып алған дұрыс. Атақты біреуге ұнау немесе жағу үшін, ренжіп қалмасын деген себеппен беретін болсақ, өнер одан дамымайды, бұл атақтың мәртебесі артпайды...



ГЕОПОЛИТИЧЕСКАЯ «ЗАГАДКА» ПРЕЗИДЕНТА РК

10 бет



4 бет

РЕСЕЙ ӘНШІСІ КИРКОРОВ ДУБАЙДА НЕГЕ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕП, ӘН АЙТПАЙДЫ?!.

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8 (727) 398-57-31 Жазылу индексі – 65380

ҚАЗАҚ-ТӘЖІК ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ АРТА ТҮСЕДІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонның екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ Орталық Азиядағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға қосқан айрықша үлесін атап көрсетті.



Ақордада өткен келіссөзде Қасым-Жомарт Тоқаев Эмомали Рахмонның есімі қазіргі Тәжікстан тарихында ерекше орын алатынына тоқталды.

– Сізге күрделі, тіпті тағдыршешті деуге болатын кезеңде елге жетекшілік жасау және Тәжікстанды бейбітшілік, бірлік пен жасампаз даму жолына бастау сынды зор тарихи жауапкершілік жүктелді. Тегеурінді әрі парасатты басшылығыңызбен Тәжікстан өзінің мемлекеттілігі мен қоғамдық келісімді нығайтып, қарқынды өркендеу жолына бет алды. Сондықтан тәжік халқы Сіздің Отан алдындағы тарихи еңбегіңізді бағалап, Ұлт көшбасшысы деп атайды. Қазақстан жұртшылығы да Сізді өз халқына және күллі Орталық Азия елдеріне өлшеусіз еңбек сіңірген мемлекет қайраткері санайды. Сіз рухани негіздерімізді нығайтуға, тарихи жадыны және ұлттық мәдени мұраны сақтауға ұдайы көңіл бөліп келесіз. Тәжік халқының тарихы мен мәдениетін, көрнекті ойшылдар мен шайырлардың шығармаларын насихаттау жөніндегі бастамаларыңыз зор құрметке лайық, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Эмомали Рахмонның Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы сан қырлы байланыстарды тереңдетуде айрықша рөл атқарғанына назар аударды.

– Орталық Азияның тұрақтылығы мен қауіпсіздігін нығайтуға өлшеусіз қостыңыз. Баршаға мәлім беделіңіз, бай мемлекеттік тәжірибеңіз және бейбітшілік пен ынтымақтастық идеясына деген берік ұстанымыңыз біздің аймақтағы өзара түсіністік пен сенімді бекітуге септігін тигізді. Руханимәдени құндылықтарды сақтауға, бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға, сондай-ақ Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы достық және одақтастық қатынастарды дамытуға қосқан елеулі үлесіңізді ескере отырып, Сізді, құрметті Эмомали Шарипович, Qoja Ahmet Yasaui орденімен марапаттау жөнінде шешім қабылдадым. Бұл жоғары награда – Қазақстан халқының Сізге және бауырлас тәжік еліне көрсеткен шынайы құрметінің белгісі. Осы рәсім елдеріміздің мызғымас достығының тағы бір жарқын нышанына айналады деп сенемін. Құрметті Эмомали Шарипович, Сізге сарқылмас күш-қуат, жауапты қызметіңізге толайым табыс тілеймін, бауырлас тәжік халқы Сіздің басшылығыңызбен бейбіт өмір сүріп, өркендей берсін, – деді Қазақстан Президенті.

ҚАНДАС СТУДЕНТТЕР БАС ҚОСТЫ

Моңғолия, Қытай, Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан және өзге де елдерден Қазақстанға келіп білім алып жатқан 500-ден астам қандас студент елордада өткен жастар форумына қатысты. Басқосуда жастардың білім алу, жұмысқа орналасу, кәсіп бастау және кәсіби даму мүмкіндіктері талқыланды.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ұйымдастырылған «Отандастар кездесуі: Жастар форумы» шетелден келген қазақ жастарының Қазақстандағы мүмкіндіктермен жақынырақ танысуына жол ашты.

Форумның негізгі мақсаты – қандас жастардың білім мен еңбек нарығындағы әлеуетін арттыру, қоғамға бейімделуіне көмектесу және кәсіби өсуіне жағдай жасау.

Іс-шара бағдарламасында мотивациялық сессиялар өткізіліп, спикерлер білімнің маңызы, ұлттық құндылықтар, мақсат қою, көшбасшылық, тұлғалық даму және кәсіпкерлік тақырыптарында ой бөлісті. Қатысушылар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ашық пікір алмасты. Әсіресе, Қазақстанда жұмысқа орналасу, кәсіп ашу, білімін жалғастыру және кәсіби ортаға бейімделу мәселелеріне басымдық берілді.

Сонымен қатар форум аясында қандас студенттердің тың идеяларын қолдауға арналған «OQ-startup» шығармашылық байқауының жеңімпаздары марапатталды. Байқау инновациялық, әлеуметтік және шығармашылық жобаларды анықтап, жастардың бастамаларына қолдау көрсетуге бағытталған.

ПРЕЗИДЕНТ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Азия ойындары мен Азия параойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы Жапонияда өткен XX жазғы Азия ойындары мен V Азия параойындарында қазақстандық спортшылар жоғары нәтиже көрсетіп, ел абыройын асқақтатқанын атап өтті.

– Бұл – мемлекетіміз үшін үлкен жетістік әрі зор мақтаныш! Баршаңызды жарқын жеңістеріңізбен құттықтаймын! Сіздер құрлықтың ең мықты спортшылары қатысқан дүбірлі додада ел намысын абыроймен қорғадыңыздар. Ұлттық құраманың табанды еңбегінің арқасында Азиада төрінде Әнұранымыз шырқалып, көк Туымыз биікте желбіреді. Әрбір жеңісті нағыз патриотизмнің айқын көрінісі деп санаймын. Халқымыз сіздерге жанкүйер болып, қолдау көрсетті. Спортшыларымыздың әр медалі, әсіресе, жас ұрпаққа жігер беріп, биік мақсаттарға ұмтылдырады. Осы мерейлі сәтте баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев спортшылардың жеңісі еліміздегі ауқымды өзгерістермен үндесетінін жеткізді. Оның айтуынша, соңғы жылдары Қазақстан экономикасы нығайып, жаңа даму көрсеткіштеріне қол жеткізе бастады.

– Халықаралық валюта қорының болжамына сәйкес, еліміздің жалпы ішкі өнімі 398 миллиард долларға жақындайды. Бұл – аймақтағы ең жоғары көрсеткіш. Дегенмен қазіргі құбылмалы кезеңде қол жеткізген табыстарға тоқмейілсуге болмайды. Мемлекетіміздің әлеуетін одан әрі арттыру үшін бәріміз белсенді әрі қажырлы еңбек етуіміз қажет, – деді Мемлекет басшысы.



ЖАЗҒЫ ДӨҢГЕЛЕКПЕН ЖҮРГЕН КӨЛІКТЕР КЕРІ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Ақмола облысында ауа райының қолайсыздығына байланысты жазғы дөңгелекпен жолға шыққан 744-тен астам көлік қозғалысына шектеу қойылды.

Өңірдегі республикалық маңызы бар бірқатар автожолда көлік қозғалысы уақытша тоқтатылды. Атап айтқанда, 8–9 қараша күндері Астана – Щучинск, Астана – Шідерті – Павлодар және Көкшетау – Атбасар бағыттарында жазғы дөңгелекпен жабдықталған көліктердің жүруіне тыйым салынды.

Қазіргі уақытта полиция қызметкерлері республикалық маңызы бар жолдарда күшейтілген режимде қызмет атқарып жатыр. Ауа райы мен жол жағдайына байланысты кейбір учаскелерде көлік жылдамдығы да шектелген.

Құзырлы органдар бұл шаралардың жол-көлік оқиғаларының алдын алып, жүргізушілер мен жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданғанын атап өтті.

Полиция жүргізушілерге көліктерін қысқы маусымға алдын ала дайындап, дөңгелектерін уақытылы ауыстыруды ескертеді. Сондай-ақ жолға шығар алдында ауа райы болжамы мен автожолдардағы шектеулер туралы ақпаратты тексеріп, жылдамдық режимі мен қауіпсіз арақашықтықты сақтауға шақырады.

ИНТЕРНЕТ-КАЗИНОЛАРҒА ҚАРЖЫ АУДАРҒАН ТОПТЫҢ ІСІ СОТҚА ЖОЛДАНДЫ



Қаржылық мониторинг агенттігі шетелдік интернет-казинолардың заңсыз қызметіне көмектесті деген күдікке ілінген топқа қатысты тергеуді аяқтап, қылмыстық істі сотқа жолдады.

Агенттік мәліметінше, күдіктілер өз бақылауындағы үш компанияның төлем жүйелері арқылы шетелдік интернет-казинолардың шоттарына ақша аударып отырған. Аталған жүйеге түрлі банктерде орналасқан жүздеген төлем терминалы қосылған.

Олардың қатарында Nomadgames, Sultangames, Pinco, Pin-UP, Vavada, Mostbet және 1WIN платформалары бар. Тергеу барысында жүргізілген төлем операцияларының жалпы көлемі 191 млрд теңгеге жеткені анықталды. Ал топ мүшелерінің комиссиялық сыйақы ретінде алған қаражаты 286 млн теңгені құраған.

Ақша аударымдарының нақты бағытын жасыру мақсатында заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің деректемелері пайдаланылған. Олардың кейбірі өз атына төлем терминалдары тіркелгенінен мүлде хабарсыз болған.

Тергеу деректеріне сәйкес, интернет арқылы төлем қабылдайтын терминалдар рәсімделіп, жалған келісімшарттар мен арнайы әзірленген сайттардың көмегімен ақша аударымдары тауарлар мен қызметтер үшін төлем ретінде көрсетілген. Кейін қаражат шетелдік алушыларға, соның ішінде криптовалюта арқылы жіберілген.

Қылмысты ұйымдастырды деген күдікті қамауға алынды. Сот санкциясымен төрт автокөлік пен 103 млн теңге көлеміндегі қолма-қол ақшаға тыйым салынды. Қылмыстық іс сот қарауына жолданды.

Қаржылық мониторинг агенттігі ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 201-бабына сәйкес тергеудің өзге мәліметтері жария етілмейтінін хабарлады.

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

Қазақстанда медициналық волонтерлік бағытындағы жұмыстар жанданып келеді. Дәрігерлер мен медицина студенттерінің қатысуымен жүзеге асқан екі жоба аясында ауыл тұрғындары мен әлеуметтік осал топтарға тегін медициналық көмек көрсетілді.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ ұйымдастырған «Күміс дәрігерлер – қамқорлық пен тәжірибе» және «Jurekke Shipa: білім мен ізгілік көпірі» жобалары өз мәресіне жетті.

Алматы облысында өткен «Күміс дәрігерлер – қамқорлық пен тәжірибе» жобасына 22 тәжірибелі дәрігер қатысты. Мамандар шалғай елді мекендерді аралап, тұрғындарға медициналық тексеру жүргізіп, қажетті кеңестер берді. Жоба аясында дәрігерлер арнайы медициналық құралдармен жабдықталған волонтерлік сөмкелермен қамтамасыз етілді. Нәтижесінде ауылдық жерлерде тұратын 500-ден астам адам тегін медициналық көмек алды.

Сонымен қатар тәжірибелі мамандар ауылдық ауруханаларда еңбек ететін жас дәрігерлерге тәлімгерлік қолдау көрсетіп, кәсіби білімдері мен көпжылдық тәжірибелерін бөлісті.

Ал Астанада жүзеге асқан «Jurekke Shipa: білім мен ізгілік көпірі» жобасына 200 адам тартылды. Медицинаны оқып жатқан студенттер елордадағы қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған пансионат тұрғындарының денсаулығын бақылауға көмектесті. Бұл бастама болашақ дәрігерлердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, кәсіби дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік берді.

МЕКТЕП МЫҚТЫ БОЛҒАНДА ҒАНА МЕМЛЕКЕТ МЫҚТЫ БОЛАДЫ!

Мектепте ата-ананың емес, мемлекеттің мүддесі қорғалуы керек!



«Біз мұғалімдердің абырой-беделін қорғауымыз қажет»

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев

Ұрпақ тәрбиесін тек мектепке, ұстаздардың иығына ғана артып қою жарамайды. Ұрпақ тәрбиесіне ең алдымен ата-ана да жауапты.

Мұғалімдер оқушылардың қас-қабағына емес, оқушылар мұғалімдердің қас-қабағына қарауы керек!

Биыл жазда, 2026 жылы 19 тамызда мені осымен екінші рет Түркістан облыстық мұғалімдердің дәстүрлі Тамыз кеңесінің құрметті қонағы әрі спикері ретінде шақырды. Ол кезде мен Құрылтай сайлауына байланысты Қостанай-Торғай өңірінде жүрген едім, арнайы келіп қатысып, сөз сөйлеп, ұстаздар қауымымен ой бөлістім.

Сол кездегі сөзімнің видеосы дер кезінде қолыма түспегесін, бұл мәселені Фейсбук парақшамда бөлісе қоймаған едім. Кейін сөзімнің толық болмаса да, негізгі ойларым түсірілген бейнебаянын таптым. Мұғалімдер күні «Қазақ үні» сайтына салармын деп жүргенде қауырт шаруалармен естен шығып кетіпті...

Ал енді жақында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің маңызы зор міндеттерін атап көрсете отырып, оқу-ағарту саласына ерекше назар аударды.

Мектеп, мұғалімдердің мәртебесі және оқушылармен қарым-қатынас мәселесіне де айрықша тоқталды. Білім беру саласындағы өзекті түйткілдерді ашық атап өтіп, «Біз мұғалімдердің абырой-беделін қорғауымыз қажет» – деп, мәні зор мәлімдеме жасады.

«Жалпы, әр өзгеріс мұғалімнің жұмысын жеңілдетуге, оның қызметіндегі артық жүктемені азайтуға бағытталуы керек.

Іс жүзінде бұл міндет толық орындалмай жатқаны жасырын емес. Бұрын қағазбастылық көп еді. Енді оның орнын түрлі платформаларға, цифрлық жүйелерге енгізілуге тиіс есептер басып отыр.

Ұстаздың негізгі миссиясы – балаға сапалы білім беру, яғни сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Бұл міндеттерді орындауға кедергі келтіретін басы артық жұмысты доғару керек.

Біз мұғалімдердің абырой-беделін қорғауымыз қажет. Соңғы уақытта мектептерде оқушылар ұстаздарына дөрекі сөйлеп, тіпті, күш қолданатын жағдайлар да аз емес.

Мұндай кезде көбінесе мектеп әкімшілігі де мұғалімге қысым көрсетіп жатады. Бұл – дұрыс емес.

Әр мәселе мұқият әрі жан-жақты қаралуға тиіс. Кез келген жағдайға отбасы да, оқушы да, ұстаз да, мектеп те – бәрі де бірдей жауапкершілікпен қарауы керек.

Оқу-ағарту министрлігі бұл жұмысты жіті назарда ұстауы қажет», – деді мемлекет басшысы.

Президент мұғалімнің материалдық жағдайымен қатар оның әлеуметтік және моральдық мәртебесін қорғауға баса назар аударды

Соңғы уақытта мектеп қабырғасында жиілеп кеткен келеңсіз жағдайларға назар аударып, ұстаздың абырой-беделі мен мәртебесін қорғауды басты міндет ретінде қойды:

Оқушылардың ұстаздарға дөрекілік көрсетуі және мектеп әкімшілігі тарапынан болатын қысымдарды айыптап, әрбір жағдай жан-жақты қаралуы тиістігін атап өтті. Тәрбие мен тәртіпке отбасы, оқушы, ұстаз және мектеп бірдей жауапкершілікпен қарауы керектігі ескертіліп, Оқу-ағарту министрлігіне бұл жұмысты бақылауда ұстауды тапсырды.

Артық жүктеме мен «электронды» қағазбастылықты доғаруды талап етті. Мұғалімнің басты миссиясы – сапалы білім беру екені атап айтылып, қағазбастылықтың енді электронды түрге (платформаларға) ауысқаны, бірақ бұл артық жүктемелер ұстаз жұмысына кедергі келтіріп жатқаны сынға алынды. Реформалар есеп үшін емес, мұғалім жұмысын нақты жеңілдетуге бағытталуы қажет.

☑ Президенттің Қазақстан халқына Жолдауын тыңдағанда 2023 жылғы және биылғы 2026 жылғы мұғалімдердің Тамыз конференциясында сөйлеген сөздерім бірден есіме түсті.

Сондағы мектеп, мұғалімдер мен оқушылар туралы ойларым мен ұстанымдарымды көпшілікпен бөлісудің реті енді келген секілді.

☑ Иә, Ұрпақ тәрбиесін тек мектепке, ұстаздардың иығына ғана артып қою жарамайды. Ұрпақ тәрбиесіне ең алдымен ата-ана да жауапты.

Баласына өз Анасының тілінде сөйлемеген ана – қандай ана? Баласына өз әкесінің тілінде сөйлемеген әке – қандай әке?

Өз баласын өз тілінде емес, өзге тілде тәрбиелеу – ұл-қызға ғана емес, Ұлтқа қастандық!!!

☑ Ұлттық тәрбие Ұлттық идеологиясы бар елде іске асады.

Қазақ балаларының орысша мектепке баруы – Ата-ана таңдауы деген жалпақшешейлікті тоқтату керек! Мектепте ең алдымен мемлекеттік мүдде – ұлттық мүдде болуы тиіс!

Балабақшадан бастап, мектеп қазақша болмай, мемлекет қазақша болмайды!

☑ Мектеп пен балабақша меншігіне қарамай тек мемлекеттік тіл - қазақ тілінде болуы керек!

Мектеп мықты болғанда ғана, мемлекет мықты болады.

Қазақтың ұлы ақыны Мағжан айтқандай, «Алты Алаштың басы қосылса-Ұстаздың орны төрде болуы тиіс!»

Қазыбек ИСА,
ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
ҚР Парламенті Мәжілісінің VII, VIII шақырылымдар депутаты,
1984–1991 жылдардағы мектеп мұғалімі

КӘСІПКЕРГЕ МҮМКІНДІК ҚАЖЕТ

Президент Қазақстан халқына Жолдауында кәсіпкерлікті қолдау қажеттігіне ерекше назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев бизнеске заңсыз кедергілер жасау – мемлекетке қарсы жасалған қылмыс екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы нақты статистикалық деректерді келтірді: шағын және орта бизнес субъектілері тарапынан анықталған құқық бұзушылықтар саны 34%-ға азайғанымен, салынған айыппұлдардың көлемі 11%-ға өскен. Меніңше, мұндай үрдіс мемлекеттік бақылау тәсілдерін қайта қарауды талап етеді.

«Ақ жол» демократиялық партиясы кәсіпкерлерге жаңа Салық кодексіне бейімделу үшін өтпелі кезең беруді, салықтық рақымшылық жасау мүмкіндігін қарастыруды және тексерулерге мораторий енгізуді бірнеше рет ұсынды. Енді Президент Үкімет пен Құрылтайға 1 қаңтардан бастап шағын және орта бизнес субъектілерін тексеруге үшжылдық мораторий енгізу мәселесін пысықтауды тапсырып отыр.

Екінші маңызды мәселе – әділ салықтық реттеу. Салық кодексін қарау барысында біз неғұрлым теңгерімді тәсіл ұсындық. Атап айтқанда, салық жүктемесін саралап, қаржы және шикізат секторлары үшін оны күшейтуді, ал шағын және орта бизнеске, сондай-ақ тамақ, жеңіл және технологиялық өнеркәсіп сияқты басым салаларға неғұрлым қолайлы жағдай жасауды жақтадық.

Президент Салық кодексінің өзгермейтін құжат еместігін тағы да атап өтіп, Үкіметке бизнес тарапынан келіп түсетін сигналдарды ескеруді, қажет болған жағдайда нақты нормаларға түзетулер енгізуді тапсырды. Сондықтан Үкіметпен бірлесе проблемалық нормаларды түзету бағытында жұмыс істеуге дайынбыз.

Мемлекет басшысы Жолдауда импорттық тауарлардың құнын жасанды түрде төмендету және отандық өнімнің ішкі нарыққа шығуына кедергі келтіретін мәселелерге де ден қойды. Отандық өндірушілер өз елінің нарығында бәсекеге түсу үшін нақты мүмкіндіктерге ие болуы керек.

Төртінші бағыт – кәсіпкерлерді негізсіз қылмыстық қудалаудан қорғау. Президент белгілеген экономикалық құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытын қолдай отырып, біз кәсіпкердің жауапкершілігі жасалған құқық бұзушылықтың сипаты мен ауырлығына сай болуын, ал шаруашылық даулардың негізсіз қылмыстық қудалауға себеп болмауын талап етуді жалғастырамыз.

Сонымен қатар цифрландыру, әлеуметтік және азаматтық инфрақұрылымды дамыту, бизнесті кредиттеуді кеңейту және кәсіпкерлерді ірі жобаларға тарту жөніндегі тапсырмалардың да маңызы зор.

2029 жылдың аяғына дейін инфрақұрылымды жаңғыртуға Ұлттық қордан шамамен 6,5 трлн теңге бағыттау жоспарланып отыр. Президент жергілікті шағын және орта бизнесті осы жобаларды іске асыруға тартуды тапсырды. Бұл отандық кәсіпорындарды дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өңірлердің экономикалық әлеуетін арттыруға қосымша серпін беруге тиіс.

Бизнестің дамуы – елдің дамуы. Ал мемлекеттің міндеті – адал кәсіпкердің еркін жұмыс істеуіне, инвестиция салуына, жұмыс орындарын ашуына және Қазақстанның экономикалық болашағына үлес қосуына қажетті жағдай жасау.

Дания ЕСПАЕВА,
Құрылтай төрағасының орынбасары,
«Ақ жол» партиясының төрағасы
29 қазан, 2026 жыл.

Ülttyq müdde



РЕСЕЙ ӘНШІСІ КИРКОРОВ ДУБАЙДА НЕГЕ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕП, ӘН АЙТПАЙДЫ?!.

Әлемді әнімен әлдилеп жүрген әйгілі әншіміз Димаштың Германиядағы тек мемлекеттік тілі - қазақ тілінде және халықаралық ағылшын тілінде сөйлеп, ән айтқан керемет концертінен кейін оған деген құрметіміз тіпті күшейіп кетті! Жарайсың, ән әлеміне құбылыс етіп Құдай берген Димаш дүлдүліміз!

Бірақ өзінің қай жерде жүргенін, қай елдің әншісі ән айтып тұрғанын ұмытып қалған, Еуропа ордасы Германияда тұрса да, империялық пиғылын жасыра алмаған бір орыстілді блогер Димаштың бұл табиғи, заңды және міндетті әрекетіне: «Бұл жерде орыс диаспорасы аз болған жоқ, неге орысша амандаспады, ән де айтпады» – деп қатты шамданып қалыпты?!.

Бұған дені дұрыс кез келген адамның қоюға тиісті сұрағы:

1.Концерт беруші қазақтың әншісі!!.

2.Концерт болып жатқан ел – Германия!

3.Сонда бұл жерге Ресей тілінің не қатысы бар?!.

Осы жерде кезінде 2023 жылы баспасөздің бәрінде жарияланған, шетелде емес – Қазақстанның Парламентінде Энергетика министрі А.Сәткалиевке қойған сұрағым есіме түсіп кетті:

– Екі мемлекет - Қазақстан мен Францияның жасап отырған келісім-шарты неге үш мемлекеттің тілінде қазақ, француз және орыс тілінде жасалған? Бұл жерге үшінші мемлекет Ресей тілінің не қажеті бар!?.

Францияға Ресей тілінің түкке де қажеті жоқ! Сонда орыс тіліндегі келісім-шарт біздің, Қазақстанның өзінің мемлекеттік тілін білмейтін Үкімет үшін жасалған ба?!. Қашанға дейін келісім-шарттарды орыс тілінде ғана түсініп жүрмекшісіздер?

Тәуелсіздік алғанымызға 32 жыл болды ғой, орыс тілін қосу қашанғы жалғасады, тоқтататын уақыт жетті ғой? – деп, төтесінен қойған едік сұрақты.

Сол кезде министр обалы не керек, қазақша бастап, орыс тілінде айтса да:

– Сұрақты өте дұрыс қойып отырсыз, болашақта бұл норманы жоятын боламыз, – деп жақсы уәде берген еді.

Ал шындығында қазір не боп жатқанын бір Құдай біледі?!.

Димаш Германия болсын, кез келген шетелде болсын, концерт өткізгенде Ресей тілінде ән айтып, сөз сөйлеу үшін емес, керісінше шетелдіктерді қазақша ән айтқызып, сөйлету үшін әлем елдерін аралап жүргеніне елдің бәрі куәдүр!

Біздің де Ресейлік блогерге қоятын бір-екі сұрағымыз бар:

- 1.Әлемдік әншілер, мейлі Дженнифер Лопес болсын, басқа болсын, шетелде, тіпті Ресейдің өзінде орыс тілінде ән айтады ма?!. Жоқ! Олардан неге талап етпейсіңдер?

2.Қазір қазақтардың шетелде ең көп шоғырланған жері Дубай! Бұрынғы билікте болған шенеуніктердің көбісі сол атышулы шаһарда тұрады. Әрқайсысында бірнеше виллалары бар, тіпті кейбіреулерінде 50 шақты үй бар екені баспасөзде жазылды... Кәсібін сол жақта жатып жүргізіп жатқан қазақ кәсіпкерлері де жетеді. Ал Дубайда думандатып жүретін Ресей поп королі Филип Киркоров бастаған орыс әншілері неге қазақ тілінде сөйлеп, қазақ тілінде ән айтпайды? Біз де соған енді қатты өкпеліміз? Айтпақшы, Дубай түгілі, Киркоров бастаған Ресей әншілері шұбырып ең көп келетін елі Қазақстанның өзінде неге Қазақ тілінде сөйлеп, ән айтпайды?!.

Міне, қойылуы керек ең басты сұрақ осы?!.

Бұл сұрақтың біздің үкіметке де қатысы бар?!.

Қазыбек ИСА





САЙЛАУҒА САҚАДАЙ САЙ «АҚ ЖОЛ»

Астанада «Ақ жол» Демократиялық партиясынан сайланған барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының форумы өтті. Жиында партияның ағымдағы мәселелерінен бөлек, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы бастамалар, шағын және орта бизнесті қолдау, құрылыс қарқынын арттыру және цифрландыру мәселелері талқыланды.

Форум барысында сөз сөйлеген «Ақ жол» лидері Дания Еспаева ең алдымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жасаған Жолдауына кеңінен тоқталып, бірқатар маңызды мәселелер бойынша пікір білдірді. Атап айтқанда, Құрылтай төрағасының орынбасары Жолдауда айтылған Салық кодексін жетілдіру, цифрландыру қарқынын арттыру, шағын және орта бизнесті тексеруге мораторий жариялау және тағы басқа бірқатар бағыттар бойынша партияның ұстанымын жеткізді.

Дания Мәдиқызы партия Мемлекет басшысының алдағы үш жылға арналған халықтық құрылыс бастамасын қолдайтынын, бұл бастама өңірлердегі инфрақұрылымды жаңартып, әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік беретінін жеткізді.

Сонымен қатар, Президент Жолдауында көтерілген ШОБ-ты тексеруге мораторий жариялау, Салық кодексін қайта жетілдіру сияқты ұсыныстар «Ақ жол» Демократиялық партиясы тарапынан көптен бері көтеріліп келе жатқанын тілге тиек етті. Еске сала кетсек, бұған дейін де «Ақ жол» кәсіпкерлердің жаңа Салық кодексіне бейімделуіне мүмкіндік беретін өтпелі кезең енгізуді, салықтық рақымшылық жасауды және тексерулерге мораторий жариялауды ұсынған болатын.

Дания Еспаева салық жүктемесін саралау жөніндегі партия бастамаларын да еске салды. Атап айтқанда, шағын және орта бизнеске, тамақ және жеңіл өнеркәсіпке, технологиялық өндірістерге қолайлы жағдай жасап, қаржы және шикізат секторларына түсетін салық жүктемесін арттыру көзделеді. Оның сөзінше, Мемлекет басшысының бизнес өкілдерінің ұсыныстарын ескеріп, Салық кодексіндегі проблемалық нормаларды түзету жөніндегі тапсырмасы осы бастамаларды одан әрі пысықтауға жол ашады.

Кәсіпкерлерді негізсіз қылмыстық қудалаудан қорғау да – басым бағыттардың бірі. «Ақ жол» экономикалық құқық бұзушылықтарды қылмыссыздандыру жұмысын жалғастыруды қолдайды. Партияның бастамасымен 2017 жылы Қылмыстық кодекстен жалған кәсіпкерлік туралы бап алынып тасталды. Ал 2025 жылы партия кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін орындауының өзі оларды ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысты деп айыптауға негіз бола алмайтынын көздейтін түзетудің қабылдануына қол жеткізді.

Партия төрағасы отандық өндірушілерді жосықсыз бәсекеден қорғау және олардың ішкі нарыққа шығуына кедергі келтіретін мәселелерді шешу қажеттігіне де тоқталды. Осы орайда ол «Восток-Молоко» кәсіпорнының проблемаларын мысалға келтірді. Аталған мәселелерді зерделеу үшін оның бастамасымен Шығыс Қазақстанға арнайы жұмыс сапары ұйымдастырылған. Дания Еспаеваның айтуынша, мұндай түйткілдер жекелеген шаралармен шектелмей, жүйелі шешімдерді талап етеді.

Инфрақұрылымды жаңғырту да бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. 2029 жылдың соңына дейін бұл мақсаттарға Ұлттық қордан шамамен 6,5 трлн теңге бағыттау жоспарланған. Жобаларды жүзеге асыруға жергілікті кәсіпкерлерді тарту өңірлерде өндірісті дамытуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етуі тиіс.

– Парламенттік партия ретінде біз Мемлекет басшысының тапсырмаларын заң шығару жұмысының нақты күн тәртібі ретінде қарастырамыз. Белгіленген шаралардың іс жүзінде жүзеге асуына күш саламыз, – деп атап өтті Дания Еспаева.

«Ақ жол» Демократиялық партиясы кәсіпкерлерге әкімшілік қысымды азайту мәселесін бұрыннан көтеріп келе жатқаны белгілі. Өз кезегінде партия төрағасының орынбасары, қоғам қайраткері Қазыбек Иса Президенттің бұл бастамасына тоқталып, шағын және орта бизнестің дамуына жағдай жасау қажеттігін айтты.

– Мемлекет басшысының Жолдауын халықпен бірге біз де тыңдадық. Оның ішінде кәсіпкерлерді қолдау мәселесі маңызды. Біз бұрыннан кәсіпкерлерді жөнсіз-жосықсыз тексермеу керек деп айтатынбыз. Осы мәселе қайта қолға алынып, үш жылға мораторий жариялау ұсынылды. Шағын және орта кәсіпкерлерді тексермеу олардың дамуына жағдай жасайды, – деді Қазыбек Иса.

Форум барысында партия төрағасы парламенттегі жұмыс туралы айта келе, Құрылтайда сегіз депутаттан тұратын «Ақ жол» фракциясының екі ай ішінде 12 депутаттық сауал жолдағанын хабарлады. Олар кәсіпкерлікті дамыту, отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, азаматтардың құқықтарын қорғау және мемлекеттік басқарудың тиімділігін күшейту мәселелерін қамтиды.

Жергілікті жерлердегі депутаттардың жұмысы туралы партияның Саяси кеңесінің мәслихаттармен жұмыс жөніндегі хатшысы Берік Дүйсембинов баяндады. Оның мәліметінше, VIII шақырылымда «Ақ жол» партиясынан 180 мәслихат депутаты сайланып, 17 партиялық фракция жұмыс істеді. Партия депутаттарының үштен бірін әйелдер мен жастар құрады.

Сонымен қатар, ол депутаттардың жүйелі жұмысының нәтижесінде шығындарды қайта қарау арқылы бюджет қаражатының 45 млрд теңгесін үнемдеуге мүмкіндік туғанын айтты.

Одан бөлек, делегаттар алдында сөз сөйлеген Дания Еспаева партияның алдағы мәслихат сайлауына 433 кандидатты ұсынуды жоспарлап отырғанын айтты.

– Алдағы мәслихат сайлауына партиямыздан 433 кандидатты ұсыну жоспарланып отыр. Олардың басым бөлігі бүгін осы залда отыр. Сондықтан қазіргі форумның сайлауға дайындық тұрғысынан маңызы ерекше, – деді ол.

Жиын барысында партияның жергілікті мәслихаттардағы депутаттарының жұмысы жоғары бағаланып, бірқатары мемлекеттік награда және «Үздік депутат» төсбелгілерімен марапатталды.

Жалпы, форум барысында партияның «Ақ жол Арулары» әйелдер қанатының жетекшісі Мейрамгүл Қабдығалиева, партияның Жастар кеңесі төрағасы Ханза Насруллаев, партия атынан Мәжіліс депутаты болған Меруерт Қазбекова, журналист Ғазиза Райымбек сөз сөйлеп, атқарылған жұмыстар көлемі жөнінде жиналған қауымға ауқымды ақпарат берді.

Осылайша, «Ақ жол» демпартиясы алдағы саяси науқанға өзінің сақадай сай дайын екенін тағы бір мәрте көрсетті.

«Қазақ үні»



№45 (1225) 9.11.2026

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ – ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРІ С. М. ЖҰМАНҒАРИНГЕ

ЖАҢА ИНВЕСТОРҒА ЖАСАЛҒАН ЖЕҢІЛДІК ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІГЕ КЕДЕРГІ БОЛМАСЫН

«Ақ жол» демократиялық партиясынан Құрылтай депутаты Дәурен Ахметжаев Үкіметке инвестициялық преференцияларды қайта қарау керектігі туралы депутаттық сауал жолдады.



Бүгінде жаңа өндіріс құру үшін инвестиция көлемі 2 миллион АЕК, ал жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды кеңейту немесе жаңғырту үшін 5 миллион АЕК белгіленген.

Соның салдарынан өндіріс ашып, жұмыс орындарын құрып, отандық өнім шығарып отырған кәсіпкерлер жаңа жобаны енді бастаған инвесторларға қарағанда қолайсыз жағдайда қалып отыр. Өйткені өндірісті жаңғырту әрдайым жаңа зауыт салуды талап етпейді. Көп жағдайда жабдықтарды ауыстыру, өндірісті автоматтандыру немесе өнім көлемін ұлғайту жеткілікті.

Алайда мұндай жобалар жоғары инвестициялық шектерге байланысты мемлекеттік қолдау ала алмай келеді.

Бірақ бүгінгі күнге дейін инвестициялық преференциялардың отандық өндірушілер үшін қолжетімділігі шешімін тапқан жоқ. Сонымен қатар өндірісті кеңейту үшін қаржыландыру ғана емес, өнімін өткізу де үлкен мәселе болып тұр.

Мемлекет басшысы жуырдағы Жолдауында ірі өндірістердің айналасында экономикалық экожүйе қалыптастыру қажеттігін атап өтті.

Құрылыс материалдарын, металл конструкцияларын және инженерлік жабдықтарды елімізде өндіруді дамыту қажеттігін көрсете отырып, мұндай бастамалар «Халықтық құрылыс» бағдарламасының негізіне айналуға тиіс екенін айтты. Сондай-ақ «Ұлттық қор қаражатын импортты қаржыландыру үшін пайдалануға болмайды» деп нақты міндет қойды.

Алайда іс жүзінде көптеген сатып алуларда импорттық өнімдерге басымдық берілуде. Соның салдарынан миллиардтаған қаржы шетелге кетіп, отандық өндіріс қажетті көлемде дамымай отыр.

Нәтижесінде кәсіпкерлер өнімнің өзіндік құнын төмендете алмайды. Өйткені өндіріс көлемі жеткіліксіз.

Ал тұрақты өткізу нарығы болмағандықтан өндірісті ұлғайтуға да мүмкіншілігі жоқ.

Осылайша отандық өндірушілер үшін тұйық шеңбер қалыптасуда.

Осыған байланысты Үкіметтен мынадай шараларды қабылдауды ұсынамыз:

Бірінші, инвестициялық преференциялар беруді қайта қарап, өндірісті жаңғырту және кеңейту жобалары үшін қолжетімді ету;

Екінші, осы жобалар үшін инвестициялық шекті 1 миллион АЕК-ке дейін төмендету және жобаның экономикалық маңызын ескеретін нақты тәсіл енгізу;

Үшінші, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың, ұлттық компаниялар мен ірі жер қойнауын пайдаланушының сатып алуларында қазақстандық өндірушілерге кепілден-дірілген қолжетімділік тетіктерін енгізу;

Төртінші, офтейк келісімшарттар бойынша тапсырыс берушілердің көлемдерді, мерзімдерді, бағаларды және төлем шарттарын біржақты өзгертуіне жол бермейтін кепілдіктерді күшейту;

Бесінші, импорттық өнімнің жосықсыз баға демпингінен отандық өндірушілерді қорғау тетіктерін жетілдіру;

Және де Ұлттық қор қаражаты есебінен іске асырылатын инфрақұрылымдық жобаларда отандық құрылыс материалдары, металл конструкциялары мен инженерлік жабдықтарды өндірушілерге басымдық беру.

Құрметпен,
Құрылтайдағы «Ақ жол» фракциясының мүшелері:
Д. Ахметжаев
Д. Еспаева
О. Нұралдинов
А. Қожахметов
М. Шынасилова
Е. Юсупов
Б. Бибаев
Ю. Ли

ҚР БАС ПРОКУРОРЫ Б.Н. АСЫЛОВҚА,
ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ – КӨЛІК МИНИСТРІ Ә.Ж. ЖАНАСОВАҒА

ЖҮК ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРДЫ ҚЫМБАТ ТЕРМИНАЛҒА МӘЖБҮРЛЕУ ЖИІЛЕП КЕТТІ

Құрылтай депутаттары, «Ақ жол» фракциясының мүшелері жүк тасымалдаушыларды қымбат терминалға мәжбүрлеу мәселесін көтерді. Бұл тұрғыдағы депутаттық сауал авторы – Асылхан Қожахметов.



«Ақ жол» фракциясы кәсіпкерлердің Қазақстан-Қытай шекарасы арқылы жүк тасымалдау кезінде тап болатын түйткілді мәселелеріне бірнеше рет назар аударған болатын. 2021 жылы партиямыз контейнерлердің орта жолда тұрып қалуына байланысты бизнестің миллиардтаған шығынға батқанын, ал 2025 жылы вагондарды жеткізудегі кедергілер жөнінде мәлімдеген.

Алайда аталмыш жайттарға бірнеше рет назар аудартқанымызға қарамастан, мәселе шешімін тапқанның орнына мүлдем ушығып барады.

Мәселен, «Достық» станциясы арқылы сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыратын бизнес өкілдерінің хабарлауынша, жүктерді мәжбүрлі түрде тарифі әлдеқайда қымбат терминалдарға жөнелту жағдайлары орын алып жатыр.

«Достық» станциясының төрт терминалы бар: «КеденТрансСервис», «Евротранзиттерминал», «ДостықТрансТерминал» және «Атасу». Одан бөлек, жүк иелерінің, мысалы, «КеденТрансСервис» немесе «Атасу» терминалдары арқылы жүктерін қайта тиеу келісім-шарттары болса да, ҚХР-дан жалғыз жолақпен келіп жатқан контейнерлер жүк иелерінің келісімінсіз «ДостықТрансТерминал» аумағына қайта бағытталуы мүмкін. Нәтижесінде, алдын ала терминал операторын таңдап, ақысын төлеп қойған жүк иелері өз жүктерін қайта түйеу орынын ерікті түрде таңдау құқығынан қағылады. Онымен қоймай, бастапқы логистикалық шығындарды қалыптастыру кезінде есепке алынбаған, яғни, өзге оператордың әлдеқайда қымбат қызмет ақысын төлеуге мәжбүр болады.

Станция басшылығы түсініктеме ретінде контейнерлерді терминалдар арасында «теңдей бөлу» қажеттілігін айтып сылтауратып отыр.

Алайда, мұндай уәж нақты мәліметтерге еш негізделмеген.

«SevenR Logistics» ЖШС ұсынған ақпаратқа сәйкес, 2026 жылдың қазан айындағы жағдай бойынша «Достықтағы» шамамен 3 720 контейнердің 978-і «КеденТрансСервис» терминалына, 1 069-ы «Евротранзиттерминалға», 1 534-і «ДостықТрансТерминалға», ал 139-ы ғана «Атасу» терминалына тиесілі. Бұл деректер бойынша теңгерімсіздіктің бар екені айдан анық. Әсіресе, контейнерлердің станциядан 10 шақырым қашықтықта орналасқан «ДостықТрансТерминалға» жаппай бағытталуы күмәнді көрінеді.

Қайта тиеу құнының айырмашылығы да айтарлықтай. Кәсіпкерлердің мәліметінше, балама терминалдардағы тариф бір контейнер үшін 90 АҚШ долларынан аспайды. Ал, «ДостықТрансТерминал» ЖШС 205–235 доллар көлемінде ақы алады. Яғни, жүк жөнелтушімен келіспей контейнерлерді басқа терминалға бағыттау оны едәуір қосымша шығынға батырады.

Президент Қ.К. Тоқаев «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісін ашу кезінде атап өткен Қазақстанның көлік-логистикалық әлеуетін дамыту және мемлекеттің Еуразиядағы негізгі көлік хабтарының бірі ретіндегі мәртебесін нығайту жөніндегі стратегиялық міндеттері аясында, мұндай тәжірибеге мүлдем жол беруге болмайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, «Ақ жол» КДП фракциясы келесіні талап етеді:

1) Жүк иесімен келіспей контейнерлерді қайта тиеу терминалын өзгерту бойынша «Достық» станциясы лауазымды тұлғаларының әрекеттерін заңдылыққа тексеру.

2) Контейнерлерді белгілі бір терминалға «теңдей бөлу» туралы шешім қабылдаудың нақты тәртібін белгілеу.

3) Контейнерлерді өз қалауынша басқа терминалға бағыттау салдарынан тарифі жоғары терминалдың қосымша шығындарын жүк иелеріне жүктеудің заңдылығын тексеру.

4) Контейнерлерді бөлудің ашық әрі әділ тәртібін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау және Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп, негізсіз бәсекелестік артықшылықтардың бар-жоғын және қолданылатын тарифтердің негізділігін тексеру.

Құрметпен,
Құрылтайдағы «Ақ жол» фракциясының мүшелері:
А. Қожахметов
Д. Еспаева
О. Нұралдинов
Ю. Ли
М. Шынасилова
Д. Ахметжаев
Б. Бибаев
Е. Юсупов

Иә, аламанда арғымақтарымызды сүріндірмеу үшін Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа түбегейлі өзгеріс керек!

АБАЙ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІС КЕРЕК!

Қазақ жырының серкесі Серік Тұрғынбекұлының биылғы ел тойлап жатқан сексеннің сеңгіріне шыққан мерейтойы мемлекеттік сыйлықтың берілуімен сәтті түйінделер сәтін күтіп отырған халық көп еді...

Өкінішке орай биыл бұл сыйлық әдебиетте ешкімге берілмейтін болыпты. Мемлекеттік сыйлық комиссиясының шешімі солай.

2026 жылғы Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықты беру жөніндегі комиссияның соңғы шешімі жөнінде комиссия төрағасы ҚР Вице-президенті Ерлан Қарин айқын түсініктеме берді.

Біріншіден, конкурсқа түскен үміткерлердің барлығын құрметтейтінін, олардың төл руханияттың дамуына үлкен үлес қосып келе жатқан белгілі тұлғалар екенін айтқан Ерлан Қарин «Бірақ Мемлекеттік сыйлық – тұлғаға емес, туындыға берілетін сыйлық. Осының аражігін ажыратып алған дұрыс. Атақты біреуге ұнау немесе жағу үшін, ренжіп қалмасын деген себеппен беретін болсақ, өнер одан дамымайды, бұл атақтың мәртебесі артпайды», – деп атап өтті.

«Екіншіден, бәріміз тәртіпке бағынуымыз қажет. Ұсынылған туындылардың барлығы дауысқа салынды. Бірақ дауыс беру қорытындысы бойынша бірде-бір жұмыс Комиссия мүшелерінің айқын басым дауысына ие бола алған жоқ. Керісінше, жұмыстарды қолдамағандар мен қалыс қалғандардың үлесі басым болды. Мысалы, 2023 жылы гуманитарлық ғылымдар саласындағы А.Байтұрсынұлы атындағы мемлекеттік сыйлық лайықты жұмыстардың жоқтығына байланысты берілген жоқ. Сондықтан конкурс болғасын оның нәтижесі де әртүрлі болуы мүмкін, оны дұрыс қабылдау керек», – деп ашығын айтты.


«Үшіншіден, отырыстың соңында Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа тұтастай реформа керек екені айтылды. Бұл пікірді кешелі бері желі қолданушылары да қолдап жазуда. Шынында да, мемлекеттік сыйлықты беру тәртібі қазіргі кезеңнің талаптарына сәйкес келмейді. Сыйлықтың талап, тәртібі ғана емес, мазмұны мен сипаты да өзгеруі керек. Мысалы, әлемдегі ең беделді Нобель сыйлығы 50 не 70 жасқа толғаны үшін емес, жаңалық пен жаңашылдық үшін беріледі. Сол сияқты Абай атындағы мемлекеттік сыйлықты мерейтой иесіне, үміткердің материалдық жағдайына және басқадай себептерге байланысты ұсыну жалпы дұрыс емес. Сондықтан, мемлекеттік сыйлық тәртібі мен ережесіне үлкен өзгеріс енгіземіз», – деп жазды.

Иә, Вице-президент айтқандай, Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа тұтастай реформа керек. Бұны көпшілік те қолдап жазуда.

● Басынан дау арылмаған, жыры көп мемлекеттік сыйлық туралы айтқанда, 2020 жылы мемлекеттік сыйлық комиссиясы бәйгедегі ең дүлдүл жазушымыз Тынымбай Нұрмағамбетті құлатқанда «МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА БІР АДАМ ЛАЙЫҚТЫ БОЛСА - ТІРІ КЛАССИК ТЫНЫМБАЙ ЕДІ... Абай жылында Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтан Абайдың ізбасарлары құлады...» – деп жазып, ол қоғамдық резонансқа ұласқан еді...

Ақыры, халық үнін есіткен ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың шешімімен комиссия тізімінде 7-ші боп тұрған Тынымбай Нұрмағамбетке мемлекеттік сыйлық беріліп, ел ерекше қуанып, бір серпіліп қалды. Тынымбайдың арқасында оның алдында тұрған алты қаламгер де, барлығы 7 қаламгер мемлекеттік сыйлыққа ие болып, аяқ асты жолдары бола кетті. Әйтпесе, әдетте ақтық сынға өткен қаламгерлерден 1-2 ғана, ары кетсе 3 жазушы ғана сыйлыққа әупірімдеп ие болатын. Кезінде тіпті, бір де бір қаламгерге мемлекеттік сыйлық бұйырмаған кез де болған!

«Егер биыл Тынымбай Мемлекеттік сыйлық ала алмаса, Мемлекеттік сыйлықтың біткені болар еді...



Осы абыройсыздықтан, әдебиетті жерлеуден Мемлекеттік сыйлықты лайықты тұлғаларға берген Мемлекет басшысы құтқарып қалды! Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев – Қаламгердің ұлы Қаламгерлер рухын көтеріп жіберді», – деп, разылығымызды жазған едік.

● Дәл сондай жағдай биыл тағы да қайталанды.

Бәйгедегі белгілі үш жүйрігіміз Серік Тұрғынбекұлы, Қасымхан Бегманов, Мараltай Райымбекұлының ешқайсысы да комиссия мүшелерінің басым дауысын ала алмаған дейді.

Сонымен биылғы Тәуелсіздіктің 35 жылдығында Тәуелсіздік рухын жырлап келе жатқан қазақ әдебиеті бәйгесіз қалды!?.

Үшеуіне бірдей беруге болмаса, ең болмаса, қазақ жырының қас тарланы, Азаттық рухын асқақ жырлап келе жатқан серке ақынымыз Серік Тұрғынбекұлына беріліп жатса, бәйгеге қатар шауып келген екі інісі өкпелей қоймас еді, халық та бір серпіліп қалар еді ғой деп ойлағанбыз.

Бірақ, комиссия төрағасы атап айтқандай, заңға, бекітілген ережеге бағыну керек – еш ақынның шығармасы басым дауыс ала алмағаны өкінішті.

● Бұл жерде көкейге қонатыны – Мемлекеттік комиссияның шығармаларды бағалау, дауыс беру ережесіне өзгеріс енгізу керек деген ұсынысына бек қосыламыз. Өйткені осыдан 6 жыл бұрын да осылай жазған екенбіз, келтіре кетейін:

«Бұл жерде Мемлекеттік сыйлық беру комиссиясының дауыс беру ережесін қайта қарамаса, мұндай әділетсіздік әлі талай қайталана береді. Қазіргі ереже бойынша шығармаға дауыс бергенде әр саланың өз секциялары емес, жалпы 55-тей комиссия мүшесінің бәрі бірдей дауыс береді. Мысалы, Тынымбай Нұрмағамбетовтей қалыптасқан өз мектебі бар дарабоз жазушының бір кітабын да оқымақ түгілі, оның атын біле ме екен өзге тілді балетмейстер, немесе дизайнер, сәулеткерлер! Немесе дарынды суретші Алпысбай Қазығұловтың картинасының бағасын суретшілерден өзге кімдер бере алады? Сондықтан ақын-жазушыларға Жазушылар секциясы, суретші, мүсіншілерге Суретшілер секциясы, театр мен фильмдерге Театр одағы мен Киногерлер дауыс беруі тиіс. Яғни Мемлекеттік сыйлыққа лайықты туындыларды әр сала өздері шешуі керек!» – деп ұсыныс жасаппыз.

● Ал енді қазір тағы да тұйыққа тірелу болғанына көз жеткіздік.

Үш ақын да комиссияның 18 мүшесінің дауысын пышақпен кескендей тең бөліп алыпты – үшеуі де 6 дауыстан иеленген. Не деген бірдей берілген сиқырлы сандар десеңізші?!. (Дауыс берудің бұндай сан түрлі сиқырларына бұдан екі жыл бұрын біз де душар болғанбыз... Сонда «Әдебиетте де сайлау сияқты дауыс ұрланады екен» деп сұхбат бергенбіз...)

Ал бәйге алу үшін дауыс саны комиссия мүшелерінің 50 пайыз дауысынан асуы керек – яғни 10 дауыс жинау керек екен.

Мүмкін, енді бұдан кейін осындай жағдай қайталанып, тұйыққа тіреле қалғанда, комиссия төрағасына комиссия мүшелерінің қолдауына сүйене отырып, түбегейлі шешім қабылдай алу құқы берілуі тиіс шығар?!.

Сонымен бірге ең маңыздысы, дауыс беруде «әдебиеттің әзәзілдерінің» араласып кетіп, дауыс санын бұрмалауына жол бермеу.

● Алты жыл бұрынғы мақаламыздан тағы бір үзінді:

«Сонымен бірге «Қазақстанның Халық жазушысы» атағын қайта қалпына келтіру керек. Өйткені бізбен туыс көрші Қырғызстан, Өзбекстанда да, Түрікменстан мен Тәжікстан елдерінде де, Әзірбайжан ағайындарда да бұл атақ сол күйі сақталып қалған.

Қазір біздің Қазақстанның «Халық жазушысы» атағы бар қаламгеріміздің ең жасының өзі, ақиық ақынымыз Мұқтар Шаханов 80-ге жетіп қалды, алды абыз жазушымыз Әбдіжәміл Нұрпейісов тура бүгін 22-ші қазанда толағай 96-ға толып отыр...

Ал енді қазір халықтың қайнаған тіршілігіне араласып ортасында жүрген Халық жазушылары да болуы керек емес пе? Мысалы, Қырғыздың көрнекті ақыны Марқабай Аамат Ел ақыны атағын 60 жасында алды.

Ал «Қазақстанның Халық жазушысы» атағын қайта қалпына келтірсе, ең бірінші Тынымбай Нұрмағамбетовке беру керек! Әйтпесе, Мемлекеттік сыйлық алу үшін жалған дауыс беретін мынандай комиссиядан ешқандай үміт жоқ!» – деп жазыппыз.

● Енді кеше мемлекеттік сыйлықтың қорытындысын естіген соң, осы алты жыл бұрынғы ұсынысты қайталауға тура келіп тұр.

Қандай сыйлыққа, қандай атаққа да тұлғасы да, туындысы да лайық Серік Тұрғынбекұлын енді дау-дамайы мен шуы көп мемсыйлыққа түсіріп шаршатпай, «Қазақстанның Халық жазушысы» атағы беріліп жатса, ел қуанар еді!

● Енді осы 2020 жылы көтерген ұсыныстарымыздың қорытындысын айта кетейік.

1.Тынымбай Нұрмағамбетов Президенттің шешімімен мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

2. «Қазақстанның Халық жазушысы» және «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атақтары қайта қалпына келді. Оны Парламент Мәжілісі депутаты кезімізде өз қолымызбен заңға енгіздік. Біз кезінде «Қазақстанның халық суретшісі» атағын да қайта қалпына келтіруді ұсынғанбыз. Қазір ол «Қазақстанның еңбек сіңірген суретшісі» атағы болып енгізілуде.

3. Енді биылғы Мемлекеттік сыйлық беру комиссиясы ережеге өзгеріс енгізбекші болып отыр екен, онда «әр саланың секциясы тек өз саласына ғана дауыс беруі керек!» деген бұл үшінші ұсынысымыз да іске асып қалар?!.

● Тура бүгін, осыдан он жыл бұрын 1 қарашада қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Серік Тұрғынбекұлының Астанадағы «Тәуелсіздікке тағзым!» атты шығармашылық жыр кешіне мен Алматыдан ұшып келе жатып аспанда «Арғымақ» атты жыр жазып, жерге түскесін Конгресс-холл сарайында дүрілдетіп оқып беріп едім. Бүгін де ұшақта мемлекеттік сыйлық туралы ойларымды жазып, жерге қонғанда, сол «Қазақ үні» ұлттық порталындағы жырымды он жылдығына орай әлеуметтік желі еске салып тұр екен.

Аламан бәйгеде ағып келе жатқанда сүріндірген арғымақ ағама Алла қуат берсін, шабысын талмай, шабытын шалқи бергей, асыл жырдың бағасын білер Алаш жұрты аман болсын деп, осы шын жүректен шыққан жырымды тағы да ұсынып отырмын.

Иә, аламанда арғымақтарымызды сүріндірмеу үшін Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа түбегейлі өзгеріс керек!

Қазыбек ИСА
Шымкент-Алматы ұшағы
01.11.2026 жыл

АРҒЫМАҚ

Серік Тұрғынбекұлына

Даналарын даланың дара мүлдем,
Туа танып, тағылым ала білген,
Ережеге сыймайтын мінезіңнен,
Еркіндікті көргендей боламын мен...

Ұлтым деген жаныңды ұғынамын,
Жұртың қолдап, қосуда жырыңа әнін.
Қаламыңнан құйылып қара маржан,
Ұлы дала жырладың ұлыларын...

Ақ алмастай жырыңды сезіп елің,
Таға алмастай бұл күнде сөзіңе мін...
Ақаннан соң, ақындық батылдықпен,
Ер Кейкіні жоқтаған өзің едің!..

Өрнектедің өлеңмен асыл елді,
Қазағым деп жүргендер қасыңа ерді.
Мерейжаста мерейің тасыр енді –
Азаттық деп айқасқан жүз жылдан соң,
Ер Кейкінің еліне басы келді!

Қаным бүгін тасып тұр неге менің?!.
Бассыз қалай төрде отыр төрелерім?!.
Кенесары жайлы бір жазшы, ақыным,
Көп ұзамай басы да келеді оның!..

Батырлардың басымен рух келер,
Үрку кетіп, еліме үміт берер.
Қалды заман бұлағай бұлт төнер...
Ширек ғасыр Азаттық! - Ұғып көр, Ел!
Ұлт мүддесін біз қашан ұлықтаймыз,
Ұлты талап еткенде ұлық көнер...

Қияларға самғайтын әр қыраны,
Тарландарды ел торғайлық ән қылады.
Шапқан сайын шабытың шалқи берсін,
Арқадағы Алаштың арғымағы!

Қазыбек ИСА
Алматы-Астана ұшағы
01.11. 2016.
«ҚАЗАҚ ҮНІ»



БІР ӘН – МЫҢ ҮНДЕСТІК

Алматыдағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрында ұлттық әуен мен заманауи шығармашылықты жаңаша үйлестірген «Ән әлемі» атты концерт – тыңдарман жүрегінен орын алған ерекше музыкалық кеш. Театр артистерінің шығармашылық мүмкіндігін жаңа қырынан танытатын бұл кештің ерекшелігіне тоқталуды жөн көрдік. Осы орайда концерттің ұйымдастырушысы, хор жетекшісі, Мәдениет саласының үздігі, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының аға оқытушысы, «Алатау» дәстүрлі өнер театрының хормейстері әрі дирижері Манарбек Мәмбетұлы Жәлімбетовпен тілдестік.

– «Ән әлемі» концерті қалай дүниеге келді? Идея қайдан туындады?

– Бұл – театр сахнасындағы актерлер мен дәстүрлі әншілерден құралған хор форматында ұйымдастырылған алғашқы концерт. Мен 2020-2021 жылдары «Алатау» дәстүрлі өнер театрына келдім. Сол кезеңде «Абай – Тоғжан» музыкалық драмасы сахналанды. Авторы – белгілі ақын, драматург, «Парасат» орденінің иегері Исраил Сапарбай. Режиссері – Ерлан Біләл. Аталмыш қойылымда хакім Абайдың бірнеше әніне хор орындалды. Олардың қатарында «Желсіз түнде жарық ай», «Өзгеге, көңілім, тоярсын», «Сегіз аяқ» секілді әндері болды. Сондай-ақ Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясымен қатар, халық композиторы, әнші-ақын Мұхит Мерәліұлының өмірі мен шығармашылығынан өрілген дәстүрлі музыкалық драма да көрерменіне жол тартқан еді. Ондағы сценарий авторы – Иран-Ғайып (Иранбек Оразбаев) ағамыз. Ал режиссері – Жұлдызбек Жұманбай. Біздегі қойылымдардың басым бөлігінде хор тобы ән орындайды. Хормен орындалған әндер көпшіліктің көңілінен шығып, уақыт өте келе қордаланып, хордың өзіндік репертуары қалыптасты. Нәтижесінде «Ән әлемі» концерті дүниеге келді. Аталмыш кештің репертуары бір-екі айда жинақталған жоқ. Ол – бірнеше жылдар бойғы еңбек пен ізденістің қорытындысы.

– Осы жолғы «Ән әлемі» концертінің ерекшелігі неде ?

– Қазіргі таңда қоржынымызда отызға жуық ән бар. Оның бірқатарын хорға ҚР еңбек сіңірген қайраткері Бақытжан Байқадамов атындағы хор капелласының бас дирижері әрі көркемдік жетекшісі Бейімбет Демеуов лайықтады. Ал қалған шығармаларды Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы дирижерлеу кафедрасының меңгерушісі, профессор Ғалымжан Берекешов өңдеді. Өзге туындыларды шығармашылық ізденісімді ұштастыра отырып, хордың орындауына сәйкестендірдім. Осылайша, үш маманның шығармашылық қолтаңбасы тоғысқан «Ән әлемі» концерті дүниеге келді. Барлығын «Алатау» дәстүрлі өнер театрының артистері орындайды. Концерт алғаш рет 2024 жылы қойылды. Содан бері жалғасып келеді. Әр концерт сайын репертуарлар қосылып, түрленіп, толықтырылуда. Алдыңғы концерттермен салыстырғанда бағдарламаға едәуір өзгерістер енгізілді. Басты мақсат, көрерменнің сұранысын беру. Хор ұжымымыз концерттің бірінші бөлімінде а капелла жанрында орындаса, екінші бөлімі «Алатау» фольклорлық ансамблінің сүйемелдеуімен жалғасты. Өнерпаздарымыз шығармаларды аспаптық сүйемелдеумен де, сүйемелдеусіз де орындайды. Музыкалық туындыларды сүйемелдейтін «Алатау» фольклорлық ансамбліміз бар. Концерт барысында хормен қатар, жеке әндер шырқалып, нәзік те әсерлі қимылдарымен сахнаға сән берген әншілеріміз де болды. Кеш барысында ағылшын тілінде де әндер айтылды. Шығармалардың мазмұнын тереңірек ашып, көрерменге әсерін арттыру мақсатында LED экран қолданылды. Бейнебаяндар мен визуалды көріністер музыкалық туындылардың идеясы мен көркемдік мазмұнын толықтырып, концерттің мазмұнын байытты. Кештің жүргізушісі Марал Анарбекқызы сценарийге сүйенбей, импровизация арқылы сахна мен көрерменнің арасын шебер байланыстыру арқылы кәсібилігін көрсетті. Осы сұқбатты пайдаланып, театрымыздың барлық артистеріне рақмет айтамын. Негізгі еңбек солардікі. Сонымен қатар кеш қонақтары ретінде «GASSI» а капелла тобы шақырылды. Олар заманауи өнер үлгілері мен ұлттық нақышты үйлестіре отырып, көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Концерт залына жиналған көрермендердің арасында әртүрлі жастағы өнерсүйер қауым болды. Кеш бағдарламасы көпшіліктің көңілінен шықты деп нық сеніммен айта аламын. Көрермен сұранысының жоғары болуына байланысты алдағы уақытта концертті тұрақты түрде өткізу жоспарымызда бар.

– Дирижерлік мамандыққа қалай келдіңіз?

– Оқушы кезімнен домбыра тартып, ән салуға қызықтым. Бойымда музыкаға деген бейімділік пен қызығушылық болғандықтан дирижерлік мамандықты таңдадым. Дирижер деген ән айта білетін, музыкалық термин, музыкалық теорияны, ноталық сауаттылықты меңгерген, фортепиано секілді аспаптарда еркін ойнайтын, музыканы есту қабілеті ерекше жоғары адам болуы тиіс. Осылайша дирижер-педагог бағыты бойынша білім алып, жоғарыда аталған қабілеттің бәрін бір арнаға үйлестіріп, орындаушыларды ортақ мақсатқа жұмылдыратын мамандық иесі болып шықтым. Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінен кейін 2005-2009 жылдары Қазақ ұлттық консерваториясында оқуымды жалғастырдым. Мұнда классикалық және заманауи шетелдік шығармалар мен қазақ композиторларының әндерінен хорға лайықталып өңделген туындыларды орындап жүріп, шетел байқауларына бардық. Мұның бәрі менің өнер жолымда тәжірибе жинақтауыма хор өнерінің мүмкіндігін кеңінен тануыма, сахналық мәдениет пен ұжымдық орындаудың қыр-сырын меңгеруіме жол ашты. Содан кейін Жамбыл атындағы филармонияның Бақытжан Байқадамов атындағы хор капелласында жұмыс істедім. Бұл кезең мен үшін үлкен тәжірибе мектебі болды. Кәсіби хор ұжымдарының концерттеріне қатысып, олардың жұмыс істеу жүйесін, орындаушылық шеберлігі мен шығармаларды сахнаға дайындау ерекшеліктерін меңгердім. Оқу орнын бітірген жылдан бері өзім білім алған Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында ұстазбын. Он төрт жылдан бері шәкірт тәрбиелеп келемін. Бүгінде олардың бірқатары еліміздің түкпір-түкпірінде ұстаздық етіп, өнердің дамуына үлес қосып жүр.



– Хордағы дауыстардың үндестігі қалай қалыптастырылады? Әртістердің дауысы қалай бөлінеді?

– Хорда әр орындаушының дауыс ерекшелігі ескеріледі. Ерлер дауысы тенор, баритон және бас, ал әйелдер дауысы сопрано және альт партияларына бөлінеді. Қажет болған жағдайда бұл партиялар өз ішінде де жіктеледі. Орындаушылар дауыс мүмкіндіктеріне қарай топтастырылып, әр партиямен жеке жұмыс жүргізіледі

– «Алатау» дәстүрлі өнер театры хор ұжымының қандай жетістіктерін айта аласыз?

– 2023 жылы театрымыздың хор ұжымы профессор, СССР Халық артисі Анатолий Васильевич Молодов атындағы «Алматы көктемі» халықаралық вокалдық-хор фестиваль-байқауына қатысып, бірінші орынды иеленді. Қазылар алқасының құрамында еліміздің музыка саласындағы профессорлары мен шетелдік өнер майталмандары болды. Олар хор ұжымының өнеріне жоғары баға берді. 2024 жылы Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының ұйымдастыруымен қалалық «Гүл Алматы» фестиваліне қатысып, көрерменнің ықыласына бөленді. Сондай-ақ 2025-2026 жылдары Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ұйымдастыруымен өткен «Ұлы дала» халықаралық вокалдық-хор фестивалінің екі маусымдық байқауына қатысып, әділқазылар алқасы мен өнер сүйер қауымның ыстық ықыласына бөленді. Осындай жетістіктер бізге тың серпін беріп, шығармашылық мүмкіндіктерімізді кеңейтуге, жаңа қырларымызды ашуға ынталандырды.

– «Алатау» дәстүрлі өнер театры хор ұжымының өзге хорлардан айырмашылығы неде?

– Біздің хор тобы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын бітірген актерлер мен дәстүрлі әншілерден құрылған. Фольклор мен ұлттық дәстүрге сүйене отырып, халық әндері мен қазақ композиторларының шығармаларын хорға бейімдеп орындаймыз. Елімізде кәсіби хор өнерінің өзіндік қалыптасқан мектептері бар. Мәселен, Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы жанындағы Бақытжан Байқадамов атындағы мемлекеттік хор капелласы, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының хор ұжымы, Астана филармониясының хоры мен «Астана Опера» театрының хоры сияқты кәсіби шығармашылық ұжымдар еліміздің бірнеше өңірлерінде бар. Кәсіби хорлармен қатар, драма театрларында да хор ұжымдары бар. Филармониялар мен опера театрларының хор құрамында кәсіби вокалдық білімі бар, консерватория тәмамдаған мамандар өнер көрсетсе, драма театрларының хор ұжымдары негізінен актерлерден құралады. Алғашқылары классикалық, опералық және симфониялық шығармаларды орындауға басымдық берсе, драма театрларының хорлары спектакльдің мазмұны мен көркемдік шешіміне сай фольклорлық және халық әндерін орындайды. Айырмашылығы – орындайтын шығармалары мен музыкалық бағытында. Дегенмен, екі ұжым да кәсіби хор болып саналады.

– Алдағы уақытта «Ән әлемі» концерті қандай бағытта дамиды?

– Маған керегі – жай ғана әндер топтастырылған концерт емес, театрландырылған музыкалық кеш. Барлық әнді сақтап қалуымыз мүмкін, бірақ олардың берілу тәсілі мен концерттің атауы өзгеруі ықтимал. Бағдарламаның өн бойын поэзиямен өріп, шығармалардың басын біріктіретін ортақ көркемдік өзек қалыптастыруды көздеп отырмын.

– Дәстүрлі әндерді бүгінгі көрерменнің көңілінен шығатындай етіп қалай ұсындыңыз?

– Дәстүрлі ән – терең тарихы мен өзіндік орындаушылық мектебі бар, шоқтығы биік, ерекше өнер. Алайда оны тыңдарманның бәрі бірдей қабылдай бермейді. Сондықтан ұлттық музыканы көпшілікке жақындатудың жаңа тәсілдерін іздеу қажет деп санап, халық әндері мен композиторларымыздың шығармалары жаңа, заманауи стильде өңделіп, ансамбль мен хордың орындауына бейімдедік.

– Хор өнерінің ерекшелігі неде?

– Бір адамның орындауында әсем естілетін әнді хор болып орындау арқылы шығарманың көркемдік қуаты артып, музыкалық бояуы қанығa түседі, әуенге ерекше ажар береді. Хор өнері бір қарағанда, көп дауыстың бірігуі ғана секілді болып көрінуі мүмкін. Алайда оның астарында үлкен еңбек, музыкалық тәртіп пен ортақ жауапкершілік жатыр. Әр дауыстың өзіндік бояуы болғанымен, барлығы бір мақсатқа бағынғанда ғана шығарма тұтас көркемдік сипатқа енеді. Хор – күрделі музыкалық жанрлардың бірі. Оркестр мен ансамбль сияқты, ол да орындаушылардан жоғары деңгейдегі үйлесімділікті, тыңдай білуді және бір-бірін сезінуді талап етеді. Оркестр симфониялық және ұлттық бағыттары болса, хор өнерінің де өзіндік салалары мен орындаушылық ерекшеліктері бар.

– Қай шығарма сіздің дирижер ретінде көпшілікке танылуыңызға ықпал етті?

– М.Мақатаев атындағы №140 гимназияда қалалық семинар болды. Ұстаздардың шеберлік сабағынан кейін ой сергіту мақсатында мектеп ішілік көркемдік шығармашылық ұйымының жетекшілігімен концерт бердік. Осы шарада менің хор тобымның балалары әнші Садраддиннің орындауындағы «Ана» әнін айтты. Мұны ұстаздардың бірі бейнежазбаға түсіріп, әлеуметтік желіге салыпты. Содан жаңағы бейнежазба бір-екі күнде миллион қаралым жинап, ақпарат құралдарынан хабарласып, сұхбатқа шақырып, еліміздің бірнеше өңірлерін араладық. Бұған дейін Садраддин әнді артындағы төрт-бес баладан құралған шағын хормен орындаған болса, біз осы идеяны кеңейтіп, толыққанды хор орындауының мол мүмкіндігін көрсеттік. Яғни «Ана» әніне екінші тыныс бердім деуіме болады. Меніңше, бұл жұмыс әннің тыңдарманға жаңа қырынан танылуына ықпал етті. Артынша өзге өнер ұжымдары да осы әнді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған концерттерде хормен орындады. Араға шамалы уақыт салып, Садраддиннің өзі Астанадағы өнер академиясы құрамындағы өнер мектебі балаларының хор тобымен Елбасының алдында «Ана» әнін орындап шықты.



***

Бірнеше жылдық ізденістің нәтижесінде қалыптасқан хор ұжымы ұлттық үннің өзіндік бояуын сахна төріне шығарып, дәстүрлі өнердің жаңа қырын танытты. Дәстүрлі өнер – өткеннің еншісінде қалған мұра емес, бүгінгі өнермен тыныстап, ертеңге аманатталатын рухани құндылық. Ал сол құндылықты келер ұрпаққа жеткізу – өнер адамының ең үлкен жауапкершілігі.

Ақбота БАХТИЯРОВА

№45 (1225) 9.11.2026

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz



ӨНЕРДЕ ДЕ ҰЛТТЫҚ НАМЫСТЫ АЛҒА ҚОЮ КЕРЕК

Белгілі әнші-композитор, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Құралай Сәтмұхамбетпен сыр-сұхбат

– Семей өңірінде туып өскеніңізбен, бүгінде Шымкенттің көп жылдан бергі тұрғынысыз. Осының қалай болғаны біздің оқырмандарға, сіздің тыңдармандарыңызға өте қызық деп ойлаймын...

– Иә, менің балалық шағым Абай, Мұхтар, Шәкәрім сынды үш алыптың туып өскен жері – бұрынғы Семей облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында өтті. Біздің ауданға барған адамдар байқаған болар, бала кезде Абай елінің аспаны тым жақын, бұлттары тым аппақ, қол созым жерде тұрғандай елестейтін. Жан-жағын айнала Шыңғыс таулары қоршап жатқан, «Еңлік-Кебек» пьесасында «Оң да Шыңғыс, сол да Шыңғыс» деп айтатын, табиғаты әсем ауыл еді. Бармағалы көп болды, қазір өзгеріп кеткен шығар.

Ауыл шетінде, біздің үйге жақын жерде Қарауыл өзені ағып жататын. Мектеп жасынан бастап Абай атамыздың өлеңдерін жаттап, әндерін айтып өстік. Біздің ауылда ұлы ақынның әнін білмейтін адам сирек кездесетін. Той-жиындарда жұрт атамыздың өлеңдерін оқып, қара сөздерін мақал-мәтел етіп айтып отыратын.

Менің үлкен әпкем Қарлығаш Алматыда Шет тілдер институтын аяқтап, өзінің курстасы, шымкенттік Әбіл жездеме тұрмысқа шығып, сол Шымкенттегі бір мектепке жұмысқа тұрған болатын. Неміс тілінің маманы болғандықтан бір жыл болмай, жездемді Германияға әскери аудармашы етіп жұмысқа алып кетті. Аяғы ауыр әпкем жалғыз болмасын деп, мені, тоғызыншы сынып оқушысын, ата-анам Шымкентке жіберді. Содан Шымкенттегі №26 орта мектепке 9 «а» класына апайым апарып орналастырды.

Класс жетекші апайымыз мені Абай елінен келді деп қуанып жүрді. Кластағы ең жақсы оқитын Жұмагүл деген қыздың соған шақыру үрдісі бар еді. Сондай бір кезеңде біздің отбасының да кезегі келіп, үйге бір топ адам – көршілер мен туыстар жиналған болатын.

Шай ішіліп, ет желініп болған соң, сары қымыз сапырылып ортаға келеді. Әкем Шайзада шерпе күйдің шебері еді. Халық әндерін орындап, кейде басқаларды домбырамен сүйемелдеп, әдемі әңгімесімен отырысты қыздырып отырды. Сол кезде ері бар, әйелі бар, барлығы қосылып, Абайдың әндерін айтады. «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Өзгеге, көңілім, тоярсың» және тағы басқа әндерді көп адам унисон айтқан кезде, денеден ток жүргендей бір тылсым күй кешеді екенсің.

Мен сол кезде 4-5 жасар бала болсам да, әуенге әсерленіп, көзім жасқа толып тұрады. Соны көрген әкемнің: «Оу, балапан, сен нені біліп қобалжып тұрсың?» деп көтеріп алып, маңдайымнан иіскегені есімде. Сол бір сәт менің кеудеме ән орнаған сәт болуы керек.

Анам, Жалайырдың қызы Дәмелінің де әдемі, нәзік дауысымен «әу» дейтіні бар еді. Сондықтан менің композиторлық жолды таңдауыма Абай атамыздың әндерінің әсері мен өнерлі отбасында тәрбиеленуім себеп болған деп ойлаймын.

Алғашқы әнім Ақұштап Бақтыгереевaның өлеңіне жазылған. «Бір хатқа жауап» деп аталады. Жаңағы кластас жігітім Асанның әскерге кеткен кезі еді. Одан көп уақыт хат келмей қойды. Сөйтсем, оларда алғаш барған кезде «карантин» деген болады екен ғой. Содан қиялданып жүріп жазған әнім бұл. Сол кезде Шымкент қаласында алғаш құрылған Вокалды-аспаптық ансамбльдің сүйемелдеуімен би алаңында орындалып жүрді.

Одан кейін «Арман-әнім», «Аппақ гүлдер», «Алтынай», «Ұстазға арнау», «Туған жерім», «Сені көргім келеді де тұрады», «Атамекен толғауы», «Ата аманаты», «Елім аман», «Немереме» және тағы басқа 150-ден аса ән мен «Әке арманы» деген күйім шықты. Қазіргі кезде хит болып жүрген, Ибрагим Исаның сөзіне жазылған «Ауылға барам» деген әнім, қай қалаға, қай тойға барсам да алдымнан шығады.

– Осындай халық сүйіп тыңдайтын, тіпті өздері де қосылып шырқағысы келіп тұратын талай әннің авторысыз. Солар қалай туады? Музыкалық шығарманың да тағдыры болады дейді. Сізде тағдырлы туындылар бар ма?

– Тағдырлы әндер туралы айтсам, тым ұзаққа кетіп қаламын ба деп отырмын. Десе де, бір оқиғаны айтып берейін.

Бірде Алматы жақтан бір жігіт хабарласып, өзі үш ағайынды екенін, Арал суалғаннан кейін Алматыға келіп, содан күнкөріс қамымен жұмысты бөтелке жинаудан бастағанын жеткізді.

«Сөйтіп, еңбегіміз еш кетпей, қалтамыз қатты қалыңдамаса да, жағдайымыз әжептәуір жақсарып қалған соң, Аралдағы екі інімді қасыма шақырып алдым, – деп жалғастырды ол әңгімесін. – Үшеу болып бөтелке жинап жүріп, бір күні жағдайымыз жететін болған соң сантехникамен айналыса бастадық. Мәскеуден пойызбен тасыдық. Сөйтіп жүріп, үшеуміз бір көшенің бойынан даңғыратып үш үй салып алдық. Өкінішке қарай, енді жақсы өмір басталған кезде ең кіші інім қайтыс болып, орны толмас қайғыға тап келдік».

Сосын ол менен «Осы ініме арнап бір ән жазып беріңізші. Бірақ, бір өтінішім, інімді тірі етіп көрсетсеңіз, дұрыс болар еді» деп сұрады. Соның нәтижесінде «Бауырға арнау» деген ән туды.

– Әннің сөзіне көп мән беретініңіз байқалады. Сізде әуен бірінші туа ма әлде өлеңді таңдап алып барып ән жазасыз ба?

– Ол әрқалай. Кейде әуен бірінші туады, кейде мәтінге ән туады. Поэзияны көбірек оқитыным содан. Ән шақырып тұратын жақсы өлеңдер болады. Бұрынғы әндердің мәтінінде поэзия бар еді, қазіргі әндерде ол сиреп барады. Мәтінінде мән жоқ, әуенінде ән жоқ, не болса соны ән деп шығара беретіндер көбейді. Өнерге деген адалдық жоғалып барады. Мені осы нәрсе қатты ойландырады.

– Қазіргі әндер демекші, осы өнердегі жас буынға айтарыңыз бар ма? Олардың шығармашылығына көңіліңіз тола ма?

– Жас буынға айтарым: ұлттық тамырыңнан ауытқыма, қазақ әніндей сұлу әуен жоқ. Өнерде де ұлттық намысты алға қою керек.

– Ал бүгінгі жасанды интеллектіге ән өңдетіп әрі айтқызып, тіпті оған ән жазғызып жүргендерге қалай қарайсыз? ЖИ өнер тудыруда адамды алмастыра ала ма?

– Жасанды интелект деген уақытша нәрсе деп ойлаймын. Жасандының аты – қашанда жасанды. Қазір тіпті ел мойындаған халық әндерін, қазақ композиторларының белгілі әндерін ЖИ-мен шығарып жатыр. Кейбірінің аранжировкалары жақсы болғанымен, қыз бен жігіт шырылдап айтқан кезде жүйкені тоздырады.

– Биыл 75 жасқа келдіңіз. Бұл болдым-толдым дейтін кезең бе? Әлде көкіректе әлі де арман көп пе? Ал ән ше? Әнді жаза бересіз бе?

– Болдым-толдым демеймін. Ал арман ешқашан таусылмайды. Үнемі уақыт жетпей, көп нәрсеге үлгермей жүремін. Жазылатын ән де көп, істелетін жұмыс та толып жатыр. Біздікі артымызда бір із қалса екен деген үміт қой.

Сұхбаттасқан Оразәлі БАЙМҰРАТ



Құралайға арнау

Сырын бүгіп сыланбаған қыз ғұмыр,
Көкіректен құйылады ізгі жыр.
Ән боп келіп, сән боп келіп, Құралай,
Еліктіріп тастадың-ау бізді бір.

Қиялыңның қарлығашын ұшырып,
Қанатыңның қауырсынын түсіріп,
Нәзік сезім әуеніне бөледің,
Жүрегіңнің қызғалдағын ұсынып.

Арайланған «Алтынайдың» жүзінен,
Мөлдір сезім моншақтары тізілген.
Жан жылуы жанарыңнан төгіліп,
«Сені көргім келеді...» деп үзілген.

Теңізінде тербетілген ойлардың,
Сезіміңнің тұнығына байландым.
«Аппақ гүлге» сырын ашқан аяулым,
Үлбіреген жүрегіңнен айналдым.

Әлдилейді әсем әуен айқабақ,
Ақ қанатын арман қыздың аймалап.
Ән сыйлаған, гүл сыйлаған аруды
Елі тұрсын алақанда аялап!

Дәмеш СЕРІКБАЙҚЫЗЫ,
ақын

№45 (1225) 9.11.2026
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

САҒЫНЫШҚА АЙНАЛЫП, ЖҮРЕККЕ ЖЕТКЕН ӘУЕНДЕР

композитор Құралай Сәтмұхамбеттің шығармашылық әлеміне сапар





Ән – адамның айтылмай қалған сағынышы, жүрегінің түкпірінде сақталған сыры, өткен күндерге деген іңкәрлігі, кейде бір ауыз сөзбен жеткізе алмаған сезімінің сазға айналған бейнесі. Бір ән адамды балалық шағына жетелесе, енді бірі жүрегінде ұмыт болған бір есімді жаңғыртады. Ал кейбір әуендер уақыттың өзін тоқтатып, көңілдің ең нәзік пернелерін тербейді.

Осындай сәттерде ұлы мәртебелі музыка тыңдаушы мен орындаушының арасындағы шекараны жойып, бәрімізді бір сезімнің аясына біріктіреді. Өйткені жүректен шыққан әуеннің жүрекке жететін құдыреті бар.

Қазақ музыка өнерінде әнді адам жанына жеткізе құбылтатын санаулы әйел композиторлар бар. Солардың бірі – Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Құралай Сәтмұхамбет. Оның шығармашылық әлемін танытатын ән атауларының өзінен-ақ сағыныштың лебі, сезімнің жылуы, туған жерге деген іңкәрлік пен өмірге деген құштарлық сезіліп тұрады.

Композитордың 14 қарашада (сенбі) Шымкент қаласындағы «Түркістан» сарайында өтетін жеке концерті осындай сезімдер тоғысатын, әуен арқылы жүректер сырласатын ерекше кеш болғалы тұр. Кештің көркемдік әлемін композитордың өз жүрегінен туған «Ауылға барам», «Аппақ гүлдер», «Сені көргім келеді де тұрады», «Алтынай», «О, гитара» секілді ел ішінде кеңінен танылған ән атауларымен сабақтастыра елестетсек, әрқайсысы жеке бір хикаяға жетелейтіндей сыр туады екен...

«Ауылға барам» – сағыныш мекені

Адамның өмірінде қанша белес, қанша асу болса да, көңілдің бір бұрышында мәңгі сақталатын мекен бар. Ол – туған ауыл. Балалықтың ізі қалған көше, таңғы самалын сезінген кең дала, алыстан көзге шалынатын туған үй, анаңның дауысы, әкеңнің өнегесі, көрші-қолаңның амандығын сұраған қарапайым тірлігі...

Жылдар жылжып, адам үлкен қалаларда өсіп-өнеді, білім алады, қызмет етеді, талай белесті бағындырады. Бірақ жүрек кейде бәрін ысырып қойып, сол бір таныс топырақты, сол бір ыстық мекенді аңсайды. Өйткені туған жер – адамның болмысы бастау алатын рухани бесік. «Ауылға барам» деген сөздің (ән сөзінің авторы Ибрагим Иса) өзінде қаншама сезім жатыр! Бұл – жолға шығу ғана емес, өткенге оралу, көңілдегі сағынышты басу, тамырыңды қайта сезіну. Бұл – алыста жүрген жанның туған жеріне деген қимас сағынышы.

Ауылға барам, бәрі де туыс ел жақта,
Аңқылдайды олар, қарамайды
олар бар-жоққа.
Ауылым жайлы, бауырым
жайлы жыр жазам,
Сүйеніп тұрып анам сүйенген шарбаққа.

Құралай Сәтмұхамбеттің концертінде осы ән шырқалған сәтте, залда отырған талай адамның көңілі ауылына қарай жол тартары сөзсіз. Бірі жусан иісін есіне алар, бірі ата-анасының мейірімін аңсар, енді бірі өмірден өткен жақындарының жарқын бейнесін жүрек түкпірінен өткізер.

«Аппақ гүлдер» – көңіл тазалығы

Бір гүл қуаныштың белгісіндей көрінсе, екіншісі нәзіктікті танытады. Ал аппақ гүлдер адамның көңіліне тазалықты, пәктікті, кіршіксіз сезімді ұялатады. Өйткені ақ түс – адалдықтың, ақ ниеттің, кіршіксіз арманның түсі. Сондықтан «Аппақ гүлдер» деген атаудың (сөзінің авторы Қуанышбек Төлеметов) өзінен-ақ жаңға жайлы бір көрініс елестейді: гүлге толы бақ, самал желмен тербелген қайың, бір жанның екінші жаңға деген ізгі ықыласы...

Өмірдің қарбалас сәттерінде біз кейде қарапайым сұлулықтың қадірін ұмытып кетеміз. Бір ауыз жылы сөздің, шынайы күлкінің, күтпеген жерден ұсынылған гүлдің адам көңіліне қаншалықты қуаныш сыйлайтынын ескере бермейміз. Алайда адамның жүрегінде мәңгі қалатын естеліктер көбіне осындай қарапайым әндерден құралады.

Сөз таппаймын айтуға,
Мен жүремін қысылып.
Түсімде де жүрсің ғой,
Аппақ гүлдер ұсынып.

Әннің құдіреті де осында: ол бізге сұлулықты қайта сезінуді, жақындарымызға ықылас танытуды, өмірдің әр сәтінен жақсылық көруді еске салады. «Түркістан» сарайындағы кеш те тыңдарманға осындай шуақты көңіл күй сыйлап, жүректерге ізгілік пен мейірім ұялататыны сөзсіз. Өйткені шынайы өнер адамның жан дүниесін байытып, тіршілікке деген көзқарасын жұмсартады.

«Сені көргім келеді де тұрады» – жүректің сыры

Туған жерді сағыну, балалық шақты аңсау, досыңды іздеу, анаңның құшағын аңсау... Ал бір жанды ерекше сағыну – адамның ішкі әлеміндегі ең нәзік сезімдердің бірі.

«Сені көргім келеді де тұрады» деген сөздің (сөзінің авторы Исраил Сапарбай) өзінде жүрекке жақын бір сыр бар. Кейде сағынған адамыңа не айтарыңды да білмейсің. Қоңырау шалғың келеді, халін сұрағың келеді, жүзін көргің келеді. Бірақ сезімнің бәрін сөзге сыйғызу мүмкін емес. Сондайда көңілдегі айтылмаған сырды ән айтады.

Көзмоншақтай көлдің көркем құрағы,
Махаббаттың мың бір мақам құрамы.
Тағдырымның таусылмайтын сұрағы –
Сені көргім келеді де тұрады.

Бұл – жүректің өзіне ғана мәлім сағынышы. Бір қарағанда, қарапайым тіркес сияқты көрінгенімен, оның астарында адамның біреуге деген шынайы ықыласы, жақындыққа деген мұқтаждығы, жан жылуын іздеуі жатыр.

Музыка адамға дәл осындай сәттерде серік болады. Әуен арқылы біз өзіміз де мойындай бермейтін сезімдерімізді танимыз. Бір әнді тыңдап отырып, баяғыда кездескен бір жанды еске аламыз. Бір әуеннен өзіміздің өткен өмірімізді көреміз. Мүмкін, осы концерттің ең әсерлі сәттерінің бірі де осындай әндер арқылы тыңдарманның жеке естеліктері мен ортақ сезімдерінің тоғысуы болар.

«Алтынай» – аяулы бейне

Кейбір есімдерді естігенде адамның жүзіне еріксіз қуаныш үйіріледі. Өйткені ол есімнің артында қымбат естелік, аяулы жан, жүрекке жақын бір оқиға тұруы мүмкін. «Алтынай» деген атаудың (сөзінің авторы Ханбибі Есенқарақызы) өзі қазақы болмысқа жақын, жылы әрі әуезді естіледі. Ол адамды нәзіктік, сұлулық, сыйластық пен ізгі сезім туралы ойға жетелейді.

Бір есімнің әнге айналуы да – өнердің адам өмірімен біте қайнасқанын танытатын құбылыс. Ән арқылы есім жай ғана атау болудан шығып, белгілі бір сезімнің, көңіл-күйдің, өмірлік естеліктің символына айналады.

Тыңдарманның әрқайсысы осы әннен өзіне таныс бір бейнені көруі мүмкін. Бірі жақын жанын еске алса, енді бірі жастық шағындағы бір аяулы сәтке оралады.

Алтынай, арман-ай,
Бәрі де артта қалғаны-ай.
Бір күнгідей болмады-ай,
Арман құған, ей, Алтынай.

Музыканың ғажабы – композитор бір туындыны дүниеге әкеледі, ал сол туынды әр адамның жүрегінде әртүрлі өмір сүреді. Бір ән мыңдаған тыңдарманға мың түрлі естелік сыйлауы мүмкін. Әнді тыңдаған сайын адам өз сезімін жаңаша танып, көңіліндегі қымбат дүниелердің қадірін тереңірек түсінеді.

Жүректер тоғысатын кеш

Құралай Сәтмұхамбеттің жеке концертіне бару – тек сүйікті әндерді тыңдау емес, рухани әлемді байытуға, күнделікті күйбеңнен бір сәт арылып, жүрекке тыныштық сыйлауға мүмкіндік беретін мәдени демалыс. Өйткені біз кейде бақытты үлкен оқиғалардан іздейміз. Ал шын мәнінде, көңілге қуаныш сыйлайтын сәттер қарапайым дүниелерден басталады: әдемі әуеннен, жылы жүздесуден, жүрекке жақын әннен, жанды тербеткен саздан...

Ән – адамның ішкі әлеміне ашылған терезе. Сол терезеден бірде балалық шағымызды, бірде туған жерімізді, бірде аяулы жанымызды, бірде орындалмаған арманымызды көреміз.

ҚҰРАЛАЙ СӘТМҰХАМБЕТТІҢ «ТҮРКІСТАН» САРАЙЫНДАҒЫ ЖЕКЕ КОНЦЕРТІ – ӘСЕМ ӘН МЕН СЫРЛЫ САЗДЫ СҮЙЕТІН ЖАНДАР ҮШІН ЖҮРЕККЕ ЖЫЛУ СЫЙЛАЙТЫН ЕРЕКШЕ КЕШ.

Келіңіз, қадірлі өнерсүйер қауым! Әнмен бірге сағынышқа сапар шегіп, әуенмен бірге әдемі естеліктерге оралайық.

Бекжігіт СЕРДӘЛІ,
журналист, композитор





ГЕОПОЛИТИЧЕСКАЯ «ЗАГАДКА» ПРЕЗИДЕНТА РК

30 октября 2026 года президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев на саммите Организации тюркских государств (ОТГ) в Анкаре предложил рассмотреть два возможных варианта для России – получение статуса наблюдателя либо присоединение к новому формату «ОТГ+».



«Загадка»: зачем России «ОТГ+»

Токаев предложил положительно отнестись к намерению России присоединиться к формату «ОТГ+» либо участвовать в деятельности организации в качестве наблюдателя.

По словам Токаева, такой шаг мог бы способствовать дальнейшему укреплению взаимодействия в рамках организации: «В целях повышения авторитета нашей организации было бы правильным и справедливым решением положительно отнестись к намерению России и предложить ей присоединиться к этому формату либо участвовать в деятельности ОТГ в качестве наблюдателя».

Президент Токаев не задавал загадок в буквальном смысле, однако его громкая инициатива на саммите ОТГ действительно заинтриговала экспертов и вызвала множество обсуждений.



Президент отметил, что Россия веками тесно связана с тюркским миром, а на её территории исторически проживают миллионы представителей тюркских народов (татары, башкиры, якуты, кумыки и др.). Казахстан поддерживает российский проект «Алтай – колыбель тюркской цивилизации». Кроме того, немало слов в русском языке имеют тюркское происхождение.

Участие такой крупной державы, по мнению Токаева, укрепило бы международный статус ОТГ.

В чём реальный расчёт («загадка» предложения)?

В последнее время Турция активно наращивает лидерство в Центральной Азии через ОТГ. Приглашая Россию, Астана пытается уравновесить это влияние, чтобы организация не превратилась в моноцентричный блок под эгидой Анкары.

Казахстан имеет самую протяженную сухопутную границу с РФ и состоит с ней в ЕАЭС и ОДКБ. И для Астаны критически важно, чтобы развитие тюркского вектора не воспринималось Москвой как создание антироссийского альянса. Ведь в последние годы усиливается сотрудничество между Казахстаном и Турцией и в военной сфере.

При этом казахстанский лидер отметил мирный характер объединения и отдельно напомнил принципиальную позицию Астаны: Организация тюркских государств является платформой для экономического и культурного взаимодействия и не должна превращаться в военный альянс.

Есть и экономический прагматизм – Россия остается ключевым торгово-экономическим и транзитным партнером для стран региона. Интеграция её в диалоговые площадки ОТГ упрощает логистические и инфраструктурные проекты. По мнению Токаева, если бы Россия стала частью этого формата, такое партнерство принесло бы практическую пользу всем государствам-участникам организации.

Геополитические выгоды и вызовы

Это намерение России, поэтому в Москве инициативу встретили положительно. 2 ноября 2026 года пресс-секретарь президента РФ Дмитрий Песков заявил, что участие России в ОТГ «вполне понятно, целесообразно и естественно», поскольку в РФ есть целый ряд тюркских регионов. При этом Песков подчеркнул: если взаимодействие и будет оформлено, то речь идет об участии всей Российской Федерации, а не отдельных республик, и добавил, что данный вопрос будет обсуждаться на дальнейших двусторонних встречах.

Тема возможного участия России в Организации тюркских государств (до 2021 года – Тюркский совет) имеет долгую предысторию. Однако официально на государственном уровне Россия никогда не подавала заявок на вступление, а отдельные российские регионы с тюркским населением (такие как Татарстан, Башкортостан, Якутия, Алтай и др.) исторически взаимодействовали лишь с её культурным крылом – организацией ТЮРКСОЙ.

Периодически в экспертной среде и на уровне заявлений региональных общественников или представителей бизнеса обсуждались выгоды интеграции. Например, в Татарстане и Якутии всегда подчеркивали важность торгово-экономических связей с Турцией и Казахстаном. Однако Устав организации изначально ориентирован на суверенные государства, поэтому регионы РФ не могли претендовать на членство.

Ещё в 2016 году министр иностранных дел РФ Сергей Лавров говорил о готовности России рассмотреть возможность присоединения к тогдашнему Совету сотрудничества тюркоязычных государств. Правда, при условии, что правила организации позволят участвовать странам, где тюркское население не составляет большинства.

На данный момент вопрос о предоставлении России статуса наблюдателя или включении её в формат «ОТГ+» находится на уровне предложений и обсуждений, но конкретного решения о приёме или согласовании статуса пока не принято.

Инициатива по возможному вовлечению России в формат «ОТГ+» или предоставлению ей статуса наблюдателя в организации поднимает важные вопросы баланса сил, суверенитета объединения и региональной стабильности. Данный шаг несёт в себе как геополитические выгоды, так и серьёзные вызовы для институциональной самостоятельности ОТГ.

Предложение Казахстана направлено на снижение потенциальных противоречий между различными интеграционными блоками в Центральной Азии, но принятие окончательных институциональных решений потребует времени и консенсуса всех членов ОТГ.

На Минской конференции по евразийской безопасности 4 ноября 2026 года заместитель министра иностранных дел РК Ермухамбет Конуспаев подчеркнул, что такой шаг отражает стремление Астаны к открытости региональных блоков, укреплению доверия и обеспечению взаимодополняемости интеграционных процессов на евразийском пространстве.

Статус наблюдателя или партнера по формату «ОТГ+» дает Москве возможность постоянного присутствия, участия в дискуссиях и прямых контактов со странами-членами без необходимости брать на себя жесткие юридические обязательства полноценного членства. Это дополняет уже существующее взаимодействие в рамках ЕАЭС, ОДКБ и ШОС.

В то же время подобный шаг несёт в себе серьёзные геополитические, институциональные и репутационные риски как для самой организации, так и для стран Центральной Азии. ОТГ изначально создавалась как клуб суверенных государств, объединённых общей культурой, историей, языком и идентичностью. Включение крупного нетюркского игрока способно трансформировать культурно-экономический блок в очередную классическую евразийскую структуру (наподобие ШОС или СВМДА), что нивелирует её изначальную идентичность и уникальную нишу в мировой политике.

Именно поэтому и в Москве, и в Анкаре проявляют заметную сдержанность и прагматизм по отношению к данной инициативе. Любое сближение требует выработки прозрачных регламентов взаимодействия, чтобы расширение партнерских связей не привело к институциональному параличу или потере внутренней идентичности ОТГ.

Статус наблюдателя или формат «ОТГ+» откроют для Москвы официальную возможность участвовать в переговорах. Вполне возможно, Россия может использовать этот рычаг для размывания пантюркистских нарративов и скрытого блокирования инициатив, которые посчитает невыгодными или излишне независимыми.

К тому же может быть столкновение амбиций Анкары и Москвы: на сегодняшний день Турция сохраняет безусловное лидерство в ОТГ, однако гипотетическое появление России неизбежно поднимет вопрос о перераспределении влияния. Соперничество двух держав за негласное кураторство над Центральной Азией способно парализовать внутренние процессы в организации.

Консенсус: развитие тюркского вектора РФ

Для стран региона (Казахстана, Узбекистана, Кыргызстана и Туркменистана) ОТГ служит важнейшей платформой, позволяющей выступать единым фронтом и балансировать между такими гигантами, как Россия и Китай. В случае закрепления Москвы на тюркском направлении центральноазиатские столицы рискуют потерять это безопасное пространство для политического маневра. Российское присутствие станет сквозным, дополнив уже существующие форматы ЕАЭС и ОДКБ. В связи с этим критики опасаются, что участие России размоет культурно-этническую идентичность ОТГ, превратив суверенную площадку тюркских государств в очередной инструмент влияния Москвы.

Несмотря на риски, предложение Астаны рассматривается экспертами как попытка «привязать» Россию к прозрачным правилам игры тюркского блока и снизить её тревожность относительно растущего влияния Турции в регионе. Однако в Анкаре и Баку к этой идее относятся с крайней сдержанностью, понимая, что допуск Москвы кардинально изменит внутренний баланс сил в ОТГ.

РФ может быть наблюдателем, участвовать в саммитах, но участвовать в голосованиях и принятии решений не сможет. Россия как большой геополитический игрок, как большая держава может надавить, протащить определенные решения, как-то повлиять на всю организацию.

Официальная причина долгого отсутствия России в том, что ОТГ создавалась строго по этноязыковому признаку для независимых тюркоязычных государств. Попытка пригласить РФ целиком как государство упирается в юридические критерии ОТГ, принятые в 2021 году: страна-наблюдатель должна иметь тюркский язык в качестве государственного/официального на всей своей территории. Исключение сделали для Венгрии, которая получила статус наблюдателя ранее (в 2018 году), до принятия этих жестких критериев, обосновав это своими историческими гунно-тюркскими корнями.

В России же тюркские языки имеют официальный статус только в отдельных республиках, из-за чего представители Турции уже заявили, что Россия процедурно не соответствует требованиям для статуса наблюдателя.

Если по этому вопросу будет достигнут консенсус, Москве придётся активнее включаться в работу с тюркскими общинами, их культурными, общественными и образовательными институтами. И если Россия заинтересована в сотрудничестве с тюркским миром, ей необходимо уделять больше внимания собственному этническому наследию и внутренним сообществам.

В случае достижения консенсуса (например, через создание специального формата «ОТГ+» или смягчение правил) Москве действительно придется глубже координировать свою внутреннюю национальную и культурную политику с международным тюркским вектором, уделяя повышенное внимание развитию и сохранению наследия собственных тюркских регионов, чтобы избежать обвинений в чисто геополитическом использовании площадки.

Тем не менее текущая геополитическая ситуация в мире, видимо, достигла той точки, когда этот процесс стал необходим. Выдвигая эту инициативу, Токаев стремится сделать тюркскую интеграцию более прагматичной и совместимой с интересами России, избегая превращения ОТГ в закрытый антироссийский или сугубо военный блок.

Дастан ЕЛДЕС



СТРОИТЬ, РАЗВИВАТЬ, СОЗИДАТЬ:

ГЛАВНЫЕ ОРИЕНТИРЫ ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА НАРОДУ КАЗАХСТАНА



28 октября президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев выступил с Посланием народу страны «Актуальные задачи Казахстана в новом историческом цикле». Глава государства обозначил приоритеты развития государства, уделив особое внимание масштабному строительству инфраструктуры, транспортной логистике, энергетической безопасности, модернизации промышленности и внедрению искусственного интеллекта.

Какие инициативы обозначил Касым-Жомарт Токаев, на какие сроки ориентировал правительство и какие вопросы предстоит проработать – в материале Liter.kz.

Масштабное строительство

Одним из центральных направлений послания стало масштабное обновление гражданской инфраструктуры. Президент предложил объявить 2027 г. Годом всенародного строительства, чтобы придать этому направлению дополнительный импульс и охватить проекты во всех регионах страны.

Для реализации инициативы правительству поручено разработать Инфраструктурный план обновления. До конца 2029 г. на эти цели планируется направить из Национального фонда около 6,5 трлн тенге. Кроме того, на запуск социальных проектов в текущем году и первые два месяца 2027 г. необходимо предусмотреть 1,5 трлн тенге.

В первую очередь в регионах планируется построить около 70 объектов здравоохранения, включая перинатальные центры, больницы, станции скорой медицинской помощи и детские реабилитационные центры. Еще примерно 50 объектов образования, спорта и культуры должны перейти к этапу строительства. Также предусмотрены развитие жилищно-коммунального хозяйства, проведение газа и обеспечение населенных пунктов чистой питьевой водой.

Первоначальный список проектов правительство должно подготовить до конца года. Президент подчеркнул, что средства Национального фонда необходимо направлять на инициативы с реальной экономической и социальной отдачей.

Отдельное внимание уделено развитию городов. Для каждого крупного города должен быть утвержден средне- и долгосрочный план развития, а правительству совместно с акиматами поручено разработать цифровые двойники городской инфраструктуры. Это должно помочь эффективнее управлять городскими ресурсами и создавать более безопасную и комфортную среду.

Казахстану предстоит усилить транзитные позиции



Развитие транспортной инфраструктуры президент назвал одним из важных условий экономического роста. Казахстану предстоит использовать возможности сухопутных маршрутов и укрепить роль страны в организации международных грузопотоков.

В 2027 г. планируется ввести в эксплуатацию железнодорожную линию Бақты – Аягөз. Новый маршрут должен увеличить пропускную способность грузоперевозок между Казахстаном и Китаем на 20 млн тонн. В августе началось строительство автомагистрали Арал – Каспий, которая позволит сократить протяженность Транскаспийского маршрута примерно на 1 тыс. км и уменьшить срок доставки грузов до трех дней.

Еще одно направление – расширение трассы Кокшетау – Петропавловск. Правительству поручено в следующем году завершить качественную реконструкцию всех автомобильных пунктов пропуска и обеспечить строительство как республиканских, так и местных дорог. Ответственность за это направление должна быть сосредоточена в правительстве в лице Министерства транспорта.

Транспортные планы включают и авиационную отрасль. Работы по восстановлению аэропорта в Аркалыке завершены, а в ближайшее время должны быть введены в эксплуатацию аэропорты Зайсана, Катон-Карагая и Кендерли. На 2027 г. намечено начало строительства нового аэропорта в Астане с привлечением одной из крупных мировых компаний.

Наращивать выработку электроэнергии

В послании Касым-Жомарт Токаев назвал энергетическую обеспеченность одним из решающих факторов конкурентоспособности государства и его экономического суверенитета.

Страна производит 123 млрд киловатт-часов электроэнергии. Этого объема, как отметил глава государства, недостаточно для реализации планов по индустриальному развитию, внедрению искусственного интеллекта и строительству центров обработки данных.

«Поэтому перед нами стоит стратегическая по своей сути задача: к 2029 году добиться устойчивого энергопрофицита. С этой целью мы обязаны построить новые и модернизировать действующие электростанции и линии электропередачи, в полной мере развить “чистую” угольную генерацию и уделить внимание возобновляемой энергетике, прежде всего солнечным электростанциям. В целом правительству предстоит актуализировать единый долгосрочный энергетический баланс страны до 2035 г.», – заявил Касым-Жомарт Токаев.

Касым-Жомарт Токаев считает возможным уже в 2027 г. приступить к строительству АЭС «Балхаш» и подписать соглашение о комплексном сотрудничестве для скорейшего начала строительства АЭС «Мойынкум». При этом переговорные позиции должны быть тщательно проработаны и согласованы с учетом национальных интересов Казахстана.

В промышленности и сельском хозяйстве

В промышленной политике президент обозначил необходимость перехода к более современным методам геологической разведки и эффективному управлению минеральными ресурсами.

Отдельное направление связано с редкими и другими важными для промышленности металлами. Правительству поручено разработать национальную систему управления их запасами, предусмотреть механизмы долгосрочного финансирования горнодобывающих проектов и обеспечить гарантированный спрос на продукцию через оффтейк-контракты.

Президент также подчеркнул важность развития производственной экосистемы вокруг ключевых отраслей – с участием образовательных учреждений, прикладной науки, логистики, сервисных компаний и технологического предпринимательства.

В сельском хозяйстве задачи связаны с расширением долгосрочного финансирования, технологической модернизацией и глубокой переработкой продукции. В прошлом году отрасль выросла примерно на 6%, а объем продукции агропромышленного комплекса достиг 15 трлн тенге. Объем льготного финансирования увеличился с 1 трлн до 1,5 трлн тенге, однако президент заявил о необходимости обеспечить фермерам доступ к ресурсам для долгосрочного развития, а не только для текущих расходов.

Холдинг «Байтерек» подготовил перечень перспективных проектов в пищевой промышленности общей стоимостью более 500 млрд тенге. Также обозначена задача увеличивать производство современных тракторов и комбайнов, развивать глубокую переработку сельхозпродукции и расширять инфраструктуру ее хранения и сбыта. В животноводстве президент отметил опыт 71 товарно-молочной фермы, которые ежегодно производят более 462 тыс. тонн молока.

Еще один приоритет – рациональное использование воды. Правительству и акиматам поручено сокращать потери в сетях, усиливать контроль за водопотреблением и завершить создание Национальной информационной системы водных ресурсов.

При освоении новых сельскохозяйственных земель предлагается активнее использовать водосберегающие и современные агрохимические технологии. Глава государства подчеркнул, что применение орошаемого земледелия на подходящих участках может повысить урожайность традиционных культур в 2-2,5 раза.

Суперкомпьютеры, ИИ и цифровая занятость

Президент отметил, что в стране запущены два суперкомпьютера, до конца года планируется ввести в строй третий, завершена прокладка волоконно-оптической магистрали по дну Каспийского моря, а также продолжается строительство центров обработки данных.



В 2027 г. правительство совместно с бизнес-сообществом должно запустить в ряде регионов пилотные проекты цифрового развития, которые помогут сельским производителям находить покупателей и налаживать сбыт продукции. Успешные практики предлагается распространить на все регионы.

Налоги, проверки и инвестиции

Доля малого и среднего бизнеса в ВВП Казахстана достигла 40%, а доля в инвестициях в основной капитал приближается к 70%. Для дальнейшего развития предпринимательства президент поручил подготовить специальный план развития среднего бизнеса, предусматривающий долгосрочное финансирование, технологическую модернизацию и укрепление связей с крупными предприятиями.

Предлагается расширить участие МСБ в закупках государственных органов и квазигосударственных компаний. Президент также предложил депутатам Курултая и правительству обсудить возможность введения с 1 января 2027 г. очередного трехлетнего моратория на проверки микро- и малого бизнеса. Это предложение предстоит отдельно оценить с учетом опыта моратория 2020-2023 годов.

В налоговой политике глава государства обозначил необходимость точечной корректировки нового Налогового кодекса.

Правительству необходимо устранить противоречия, исключить неоднозначное толкование норм и излишнюю нагрузку на предпринимателей. Также президент предложил обсудить введение повышенной налоговой ставки для обладателей крупных состояний.

Отдельное внимание уделено привлечению инвестиций и проекту города ускоренного развития Алатау. В городе предлагается создать инвестиционный суд по английской модели общего права для рассмотрения коммерческих дел.

Долгосрочные ориентиры

В социальной политике президент сделал акцент на адресной поддержке и повышении качества жизни. Государственная помощь, как отметил Касым-Жомарт Токаев, должна прежде всего предоставляться тем, кто действительно в ней нуждается, а новые механизмы необходимо предварительно проверять и оценивать.

С 1 января 2027 г. президент поручил повысить минимальную заработную плату с 85 тыс. до 110 тыс. тенге. Эта мера затронет 1,8 млн человек, в том числе более 370 тыс. работников, получающих заработную плату из бюджета.

Также поручено увеличить до 40% зарплаты специалистов участковой службы здравоохранения в зависимости от непрерывного стажа. Это позволит повысить доходы более 77 тыс. специалистов.

В рамках развития медицинской инфраструктуры планируется построить восемь современных перинатальных центров и семь многопрофильных детских больниц в Атырау, Актобе, Алматы, Шымкенте, Каскелене, Семее и Актау. В Астане должны появиться еще два медицинских объекта. В сфере образования особое внимание уделено инклюзивной среде: в Казахстане более 237 тыс. детей нуждаются в инклюзивном обучении.

Президент также подчеркнул, что реформы в образовании должны уменьшать административную нагрузку на учителей, а цифровые платформы – не создавать новые формы отчетности.

Правительству и депутатам Курултая также поручено приступить к подготовке нового Гражданского кодекса. Президент выразил пожелание, чтобы документ был принят до конца 2027 г. и обеспечил правовую основу для экономических отношений в условиях технологических изменений.

В заключение Касым-Жомарт Токаев подчеркнул, что модернизация должна сопровождаться уважением к закону, дисциплиной, ответственностью и созидательным трудом. Среди ориентиров нового исторического цикла он назвал строительство справедливого, сильного, чистого и прогрессивного Казахстана, в котором развитие технологий, современной инфраструктуры и экономики будет служить благополучию граждан.

Нурай КАПЕН
(в сокращении)

МУДРОСТЬ СТЕПИ:
чему современные ученые учатся у кочевников

Юрта, которая сохраняет тепло зимой и прохладу летом. Кочевники, которые ориентировались в степи без карт и приборов. Пастбища, которым давали время восстановиться, и продукты, полученные с помощью естественного брожения. El.kz разбирался, какие знания скрывались за привычным укладом кочевой жизни, что подтверждает современная наука и какие древние решения могут быть полезны в XXI в. На протяжении столетий жизнь казахских кочевников зависела от умения приспосабливаться к природным условиям. Суровые зимы, засушливое лето, большие расстояния между пастбищами и ограниченные водные ресурсы требовали точного понимания окружающей среды.

Сегодня исследователи рассматривают традиционные знания кочевых народов как важную часть истории взаимодействия человека и природы. Особенно интересны те примеры, где исторический опыт можно сопоставить с результатами современных исследований.



Юрта: древняя архитектура – продумано почти всё

Казахская юрта - один из наиболее узнаваемых символов кочевой культуры. Но за ее внешней простотой скрывается сложная конструкция, приспособленная к регулярной сборке, перевозке и использованию в разных погодных условиях.

Основу жилища составляют решетчатые деревянные стены — кереге, изогнутые жерди уык и верхнее кольцо шанырак. Снаружи каркас покрывают войлочными полотнищами.

Такая конструкция позволяет относительно быстро устанавливать и разбирать жилище, а отдельные элементы перевозить во время сезонных перекочевок.

Почему юрта имеет круглую форму? С точки зрения строительной механики она помогает распределять нагрузки по периметру, а отсутствие углов уменьшает количество участков, где может скапливаться ветровое давление.

Еще одна особенность — войлочное покрытие. Шерсть содержит большое количество воздушных промежутков, которые препятствуют быстрому переносу тепла. Поэтому войлок способен работать как теплоизоляционный материал.



Зимой он помогает уменьшать теплопотери, а летом ограничивает нагрев внутреннего пространства солнечными лучами. При этом комфорт зависит также от толщины покрытия, вентиляции, влажности и температуры наружного воздуха.

Шанырак и регулируемые элементы покрытия позволяют организовывать воздухообмен. В традиционном жилище это было особенно важно при использовании открытого очага.

Современные исследования строительной физики подтверждают теплоизоляционные свойства шерстяных материалов. Например, ученые изучают возможность применения овечьей шерсти в экологичных строительных утеплителях.

Кочевое скотоводство: стада постоянно перемещались

В традиционной казахской культуре сезонные перекочевки были важнейшей частью хозяйственной жизни.

В разные времена года использовались определенные типы пастбищ: қыстау — зимовка, көктеу — весенние пастбища, жайлау — летние и күзеу — осенние.

Такая система позволяла учитывать состояние травяного покрова, наличие воды, высоту снежного покрова и потребности животных.

Например, летом скот могли перегонять в горные районы с более прохладным климатом и свежей растительностью. Зимой выбирали защищенные от ветра территории, где животным было легче добывать корм.

С экологической точки зрения перемещение стад способно снижать продолжительность нагрузки на отдельные участки пастбищ.

Современная наука рассматривает пастбищные экосистемы как сложные природные системы, на которые влияют осадки, температура, почвы, состав растительности и интенсивность выпаса.

Исследовательница пасторальных систем Кэтрин Хоумвуд в книге Ecology of African Pastoralist Societies подробно объясняет, почему мобильность скотоводов может быть рациональной стратегией в условиях изменчивого климата.

Описанные экологические механизмы помогают понять, почему перемещение животных имеет значение и в степных регионах Евразии.

Для Казахстана эта тема особенно актуальна на фоне необходимости рационального использования земель.

Современные спутниковые наблюдения позволяют оценивать состояние растительности и планировать нагрузку на пастбища.

Кумыс и шубат: древняя ферментация

Еще одна область, в которой традиционные знания кочевников пересекаются с современной наукой, — производство кисломолочных напитков.

Кумыс изготавливают из кобыльего молока, а шубат — из верблюжьего. Для получения этих продуктов используется ферментация, т.е. процесс, при котором микроорганизмы преобразуют вещества, содержащиеся в молоке.

Кочевники не знали о существовании бактерий в современном научном смысле, но на практике освоили способы получения напитков с характерным вкусом и свойствами.

При приготовлении кумыса участвуют молочнокислые бактерии и дрожжи. В процессе брожения изменяется кислотность, образуются органические кислоты, углекислый газ и некоторое количество этилового спирта.

Это делает кумыс отличным от обычного молока продуктом. Его состав зависит от сырья, закваски, температуры и продолжительности ферментации.

Современная микробиология изучает микроорганизмы традиционных кисломолочных продуктов, их взаимодействие и влияние на характеристики готового напитка.



В 2018 году ЮНЕСКО включила традиционные весенние обряды казахских коневодов в Репрезентативный список нематериального культурного наследия человечества.

Среди них — «бие байлау», связанный с первым доением кобылиц, и «қымыз мұрындық», знаменующий начало сезона приготовления и угощения кумысом.

Ориентация в степи без GPS

Представим человека, которому необходимо преодолеть десятки километров по открытой местности, где нет дорожных указателей, мобильной связи и подробных карт.

Для современного путешественника такая задача может оказаться сложной. Однако для кочевников способность ориентироваться была необходимым повседневным навыком.

При выборе направления использовались знакомые особенности рельефа, расположение рек и источников воды, положение Солнца и звезд.

В традиционных представлениях казахов заметное место занимала Темірқазық — Полярная звезда. Благодаря близости к северному полюсу мира она остается почти неподвижной относительно горизонта и помогает определять направление на север.

Современная когнитивная наука изучает пространственную память человека и способность формировать внутренние представления о местности.

Такие представления часто называют когнитивными картами. Они помогают человеку запоминать взаимное расположение объектов и выбирать маршруты без постоянного обращения к внешним подсказкам.

Исследования пространственной навигации показывают, что мозг способен объединять зрительные ориентиры, память о пройденном пути и информацию о направлении движения.

Кочевники хорошо знали повадки животных

Для скотоводов наблюдение за животными было вопросом выживания.

От состояния лошадей, овец и верблюдов зависели питание семьи, возможность передвижения и хозяйственное благополучие.

Поэтому большое значение имели знания о поведении животных, их питании, размножении и реакции на погодные изменения. Опытный скотовод мог замечать изменения в активности стада, аппетите, характере движения и других признаках, указывающих на возможные проблемы.

Сегодня похожие задачи решает точное животноводство: вместо постоянного визуального наблюдения современные фермеры используют датчики, камеры, GPS-ошейники и алгоритмы анализа данных.



Звезды вместо календаря

Для кочевников небо было не только источником ориентиров. Наблюдения за небесными светилами помогали определять время года и планировать хозяйственные работы.

В казахской традиции существовали собственные названия звезд и созвездий. Полярную звезду называли Темірқазық, Плеяды — Үркер, а Млечный Путь — Құс жолы.

Особое значение имели сезонные изменения положения звезд на небе.

Например, наблюдения за Плеядами связывали с календарными представлениями и сменой природных сезонов. Такие знания могли использоваться при планировании перекочевок и других хозяйственных работ.

Казахстанская исследовательница Г. У. Ешбекова в научной статье «Познания казахского народа о прогнозе погоды посредством наблюдений за космическими явлениями» рассмотрела этнографические материалы о народной астрономии и традиционных представлениях о погоде.

С точки зрения современной астрономии положение звезд действительно меняется в течение ночи и года предсказуемым образом. Поэтому регулярные наблюдения могли служить своеобразным календарем.

Что ученые могут перенять у кочевников

Особенно актуальным традиционный опыт становится на фоне изменения климата.

В 2026 г. ООН проводит Международный год пастбищных земель и скотоводов. Его задача — привлечь внимание к значению пастбищных экосистем и людей, чья жизнь зависит от животноводства.

Продовольственная и сельскохозяйственная организация ООН (ФАО) подчеркивает, что мобильность скотоводов позволяет учитывать сезонные изменения, доступность кормов и состояние природных ресурсов.

При правильной организации перемещение стад помогает растительности восстанавливаться и уменьшает нагрузку на уязвимые участки земли.

Для Казахстана, где значительную часть территории занимают степи, полупустыни и пустыни, эти вопросы имеют непосредственное практическое значение.

Традиционные знания могут быть полезны при изучении исторических маршрутов перекочевок, сезонного использования пастбищ и способов приспособления хозяйства к засухам.

Сходный подход применим и к традиционным строительным материалам, пищевым технологиям и способам передачи знаний.

Например, международное признание искусства изготовления юрт свидетельствует о культурной ценности этих навыков. В 2014 г. ЮНЕСКО включила традиционные знания и умения изготовления казахских и кыргызских юрт в список нематериального наследия, а в 2025 г. элемент был расширен с включением каракалпакских традиций.

Точно так же исследования кумыса позволяют изучать свойства микроорганизмов и процессы ферментации, но не заменяют клинических испытаний медицинских препаратов.

Мудрость кочевников заключалась прежде всего в способности наблюдать, приспосабливаться и находить практические решения в сложных природных условиях.

Современная наука дает возможность объяснить часть этих решений, проверить их эффективность и определить, где традиционный опыт действительно способен принести пользу.

Анастасия СМИРНОВА



ТРИ ГРАНИ ВОЙНЫ

За последнее время мы, кажется, уже настолько привыкли к самым немыслимым кульбитам политической действительности, что уже разучились удивляться. Однако три новости на прошедшей неделе оказались, прямо скажем, неожиданными.

Чем удивил Владимир Зеленский

Прежде всего удивил президент Украины Владимир Зеленский. Во время общения с журналистами на прошлой неделе он впервые признал необходимость предоставления России гарантий безопасности в рамках мирного урегулирования войны, сообщила Financial Times.

Дело в том, что до сих пор Киев и его западные союзники принципиально отвергали требования России о предоставлении гарантий безопасности со стороны НАТО и масштабном пересмотре архитектуры европейской безопасности, рассматривая их как попытку Москвы восстановить свою сферу влияния и подорвать суверенитет соседних государств.

Москва, в свою очередь, требовала юридически запретить расширение альянса на Восток, включая Украину и другие бывшие республики СССР, прекратить военную деятельность НАТО в Украине, Восточной Европе, на Южном Кавказе и в Центральной Азии и вернуть размещение войск альянса в Европе к конфигурации 1997 года.

В декабре 2021 года Россия упаковала все эти «хотелки» в проект договора о «гарантиях безопасности» и передала США и НАТО свои требования в виде ультиматума.

Собственно, именно после этого демарша, в ответ на который НАТО отказалось закрывать двери для новых членов, Путин заявил, что требования России проигнорированы и использовал отказ альянса как формальный повод для начала войны. Объявляя 24 февраля 2022 года о вторжении, Путин сказал, что Москва 30 лет пыталась договориться с Западом, но сталкивалась с «враньем» и «шантажом».

Заявление президента Зеленского знаменует собой существенный сдвиг в позиции Киева, написала The Financial Times. Плюс ко всему, можно вспомнить и звонок Путину от глав правительств Финляндии и Швеции, который, как выяснилось, координировался Киевом и был призван передать Москве послание, в котором руководство Украины выразило готовность обсуждать прекращение огня и возможное решение территориальных вопросов. Реакция той же Европы пока неизвестна...

Ответ на нападение на церковь



Эта новость сводит на нет устоявшийся в сознании многочисленных групп с обеих сторон религиозно-культурных баррикад стереотип – что, дескать, существует монолитный мир Ислама, который якобы жаждет уничтожить разом всю, как принято сейчас говорить, иудейско-христианскую цивилизацию на планете. Это, конечно же, не так.

Мир Ислама (как, вообще-то, и мир Иудейский, и мир Христианский) богат многообразным философским содержанием, обладает самой широкой палитрой мировоззренческих установок и эпически далёк от линейного однообразия в вопросах войны и мира. Большинство исламских государств столь же непримиримо, как и государства условного коллективного Запада, относятся к политическому терроризму.

Именно поэтому, после нападения 23 октября на христианскую (!) церковь в Иордании мусульманская монархия нанесла удары по мусульманской Сирии и заявила о ликвидации более 20 боевиков ИГ.

В результате авиаударов по Сирии, нанесенных 26 октября после нападения на христианскую церковь в Иордании, были убиты более 20 джихадистов, сообщил 27 октября, официальный представитель правительства Иордании Мохаммед аль-Момани.

По его словам, предварительные данные указывают на «значительные потери» в рядах террористической группировки «Исламское государство» (ИГ) в результате удара, а также на уничтожение крупного оружейного склада.

При этом аль-Момани признал факт гибели мирных жителей, заявив, что Хашимитское Королевство сожалеет об этих жертвах. «Иордания воздерживалась от ударов по объектам, где, по данным разведки, могли находиться мирные жители, и сожалеет о том, что среди населения все же есть жертвы», - добавил он.

История спасения жителей Олешки

Пользуясь инсайдом от своей супруги, могу ответственно заявить: Мелания Трамп была, пожалуй, одним из самых настойчивых противников второго президентского срока своего благоверного. Ей и с первого раза Белый дом поперек горла встал.

Оно и понятно, редко какой нормальный человек выдержит ту мерзость, низость, ложь, истерику и грязь, которые «приличные» либералы обрушили в том числе и на членов семьи (включая малолетних, на тот момент) 45-47-го президента во время первой каденции. Собственно, сейчас тоже ведь мало что изменилось. Таков, увы, интеллектуальный уровень американских либеральных «интеллектуалов». И не только, надо сказать, американских.

Супруга FDR Элеонора Рузвельт - убежденная сторонница либеральных взглядов (здесь важно не путать истинный либерализм с современным симулякром) - говорила: «Великие умы обсуждают идеи. Средние умы обсуждают события. Мелкие умы обсуждают людей». Думаю, это лучшая характеристика той «интеллектуальной глубины», которую демонстрируют в наши дни персонажи, маниакально обсуждающие исключительно Трампа и его близких. Но не суть, сейчас о другом.

Будучи снова втянутой в круговерть не только американской внутренней, но и внешней политики, Мелания, судя по всему, устала ждать, когда мужики наконец договорятся насчёт прекращения войны в Украине - и решила взять управление процессом в свои руки.

И это дало результат. Пусть пока и не в масштабах всей войны... Но разве жизнь двух тысяч людей - это сам по себе не масштаб? Думается, даже спасение одной жизни имеет большой смысл.

Если кто-то ещё не в курсе, то информирую: есть в Украине населенный пункт Олешки (в русской транскрипции Алешки) - небольшой городок на захваченном Россией левом берегу Днепра в Херсонской области. До начала полномасштабной войны там проживали около 24 тысяч человек. Сейчас, по разным оценкам, в населенном пункте остается 1,700-2,000 жителей, как минимум несколько десятков из них дети.

После разрушения Россией Каховской ГЭС в июне 2023 года город оказался почти полностью затоплен, а последствия наводнения привели к дополнительным проблемам с инфраструктурой и доступом к питьевой воде. Последние несколько месяцев Олешки находятся в блокаде. Областной центр Херсон, находящийся под контролем Украины, расположен всего в девяти километрах от Олешек. Территория вокруг Олешек усеяна минами, и покидать город в любом направлении смертельно опасно. В итоге в городе произошла самая настоящая гуманитарная катастрофа - ни еды, ни чистой воды, ни лекарств, ни света, ни тепла.





Узнав об этом, первая леди США выступила официальным эксклюзивным посредником и инициировала прямые переговоры с руководством России и Украины, чтобы договориться о локальном перемирии. Возможность такая появилась во время приватных обсуждений в рамках 81-й сессии Генассамблеи ООН, которая недавно прошла в Нью-Йорке.

Как сообщают инсайдеры, для контактов использовался неофициальный канал по линии спецслужб, ранее применявшийся для решения гуманитарных вопросов (например, для воссоединения детей с родителями, в чём ранее принимала участие Мелания Трамп).

В общем, сегодня, по сообщениям Генштаба ВСУ и Минобороны РФ, с 03:00 по киевскому времени введен двусторонний режим прекращения огня для проведения гуманитарной операции в оккупированных Олешках Херсонской области.

По словам президента Зеленского, достичь временного перемирия в регионе, объявленного Вашингтоном 23 октября, позволило посредничество супруги президента США Мелании Трамп.

Начало «режима тишины» в регионе запланировано на 27 октября, а гуманитарная миссия вступит в силу 29 октября, заявил накануне президент Украины Владимир Зеленский в интервью ведущей «ТСН» Алле Мазур. Согласно договоренности, Россия должна разминировать дороги, а Украина готовит эвакуацию заблокированных жителей.

По словам же самой Мелании Трамп, гражданские представители РФ и Украины будут совместно посещать жителей Олешек на дому, чтобы определить, в какой именно помощи они нуждаются. «Тем, кто пожелает эвакуироваться, предоставят необходимую поддержку и транспорт для поездки в выбранный ими пункт назначения», - приводят в пресс-релизе ее слова.

Представителей обеих стран при обходе местных жителей будут сопровождать сотрудники «независимой американской медиаорганизации, которые зафиксируют происходящее», добавила первая леди США.

Что ж, наш мир в очередной раз спасает красота.

P.S. Как говорила легендарная «Железная Леди» Маргарет Тетчер: «Если вы хотите, чтобы что-то было сказано, попросите мужчину; если хотите, чтобы что-то было сделано, попросите женщину».

Иными словами, чаще просите женщин!

О том, что перемирие продлится 6 дней, сообщил глава фракции «Слуга народа» в Верховной Раде Украины и член украинской переговорной группы Давид Арахамия.

В рамках инициативы первой леди США Мелании Трамп по разминированию Олешек начался самый масштабный режим тишины на крупнейшем участке фронта на юге Украины. Это самая масштабная деэскалация с 2022 года. Режим тишины продлился с 27 октября до 22:59 1 ноября. История оккупированного города Олешки в Херсонской области, который долгое время находился в полной блокаде и на грани гуманитарной катастрофы, в конце октября - начале ноября 2026 года пришла к беспрецедентной гуманитарной эвакуации гражданского населения в рамках временного прекращения огня. Из города удалось успешно вывезти более 750 мирных жителей. Самому старшему эвакуированному человеку было 94 года, самому младшему - чуть больше года.

Тимур СЕЙТМУРАТОВ

№45 (1225) 9.11.2026

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

АСЫЛДЫҢ АТЫ ӨШПЕЙДІ...

Бекжан Әшірбаевтың шығармашылық мұрасы мен рухына тағзым

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Бекжан Әшірбаевтың есімі қазақ руханиятына жақсы таныс. Ол – ақын, сазгер, журналист, ұстаз-ғалым. Бір адамның бойына осынша қабілеттің тоғысуы сирек кездеседі. Оның әр саладағы шығармашылығы бірін бірі толықтырып, тұтас азаматтық болмысын қалыптастырып тұрған арналар еді. Адамның ғұмыры жаспен өлшенбейді. Артында қалдырған рухани мұрасы, ел жадында сақталған ізі де оның өмірінің жалғасы болса керек. Бекжанның өмірі қысқа болғанымен, шығармашылық ғұмыры жалғасып жатыр. Өлеңі оқылып, әні айтылып, ғылыми ойлары мен журналистік еңбектері өз бағасын алып келеді. Өзі өмірден өтсе де, сөзі мен сазының, қаламынан туған ойларының ел ішінде жасай беруі – соның айғағы.



Бекжанның анасы Ұлбике Әшірбаева



Кешті ұйымдастырушы әрі жүргізуші, ақын Асқар Дүйсенбі

Ән – Бекжанның екінші тынысы

Бекжан Әшірбаевтың шығармашылық әлеміндегі тағы бір үлкен арна – сазгерлік. Авторлар қоғамында оның жетпістен астам шығармасы тіркелген. Оның әндерінің ішінде шоқтығы биік, халық арасына кең тараған туындысы – «Көршінің қызы». Бұл ән Бекжанның сазгерлік қабілетін көпшілікке кеңінен танытып, шығармашылық өміріндегі ерекше белеске айналды. Әннің орындаушысы Тоқтар Серік те бұл туындыны жоғары бағалап, өзінің елге танымалдығын арттырған ең сүбелі әндерінің бірі екенін айтады.

Бекжанның әндерін Саят Медеуов, Мұқасан Шағзадаев, Гауһар Әлімбекова, Жанболат пен Жазира, Роза Әлқожа секілді т.б. танымал өнерпаздар орындады.

Оның әндеріне тән бір ерекшелік – сөз бен саздың өзара үйлесімі. Ақын ретінде сөздің табиғатын терең сезінген Бекжан сазгер ретінде де ән мәтіні мен әуеннің бір-біріне қызмет етуіне мән бергені байқалады. Өлеңнің ішкі ырғағы мен әннің әуендік тынысы қабысып жатуы – оның шығармашылық болмысының біртұтастығын танытады. Сондықтан болар ол «әндерім – өлеңдерімнің жарнамасы» деп, үнемі жымия айтатын. Қалай дегенде де оның әндері де, өлеңдері де тұтас шығармашылық мұра ретінде бағалануы керек.

Журналистика – үлкен мектеп, ғылым – терең ізденіс

Бекжан Әшірбаевтың баспасөз саласындағы қызметі де өз алдына бір арна. Ол «Атамекен кз», «Ел мен жер», «Жас қазақ үні», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ университеті», «Заң» газеттерінде бас редактор және бас редактордың орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды.

Журналистика – жеделдік пен жауапкершілікті, білім мен білікті, сөзге деген талғамды қатар талап ететін сала. Ал бас редакторлық қызмет – басылымның мазмұны мен бағытына, жарияланатын материалдардың сапасына жауап беру деген сөз. Бекжан осы міндетті шығармашылық ізденіспен ұштастыра білді.

Осынау қарбалас қызметтің арасында білімін жетілдіріп, магистратура мен докторантурада оқыды. «Қазақстандағы сөз бостандығы» атты күрделі тақырыпта зерттеу жүргізді. Отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалары жарияланып, осы бағытта диссертациялық жұмыс жазды.

Бұл тақырыптың өзі Бекжанның журналистік тәжірибесі мен ғылыми қызығушылығының өзара сабақтастығын аңғартады. Сөз бостандығы – журналистикадағы кәсіби этикамен, азаматтық жауапкершілікпен, қоғамның демократиялық дамуымен тікелей байланысты күрделі мәселе. Сондықтан оның осы тақырыпты зерттеуін кездейсоқ таңдау деуге болмайды.

Осы тұрғыдан келгенде, болашақта Бекжанның журналистік және ғылыми мұрасын да жеке қарастыру қажет.

Туған жермен қауышқан рух

Биыл 21 қазанда ақынның туған жері – Мақтаарал ауданының орталығы Мырзакентте Бекжан Әшірбаевтың рухына тағзым еткен «Мақтаралым – мақпал әнім» атты еске алу кеші өтті. Мақсат – ақынның шығармашылығын ұлықтап, өнердегі, өлеңдегі ізін жаңғырту.

Кешке Алматы, Астана, Түркістан, Шымкент қалаларынан және сол өңірден Бекжанды танып, бірге жүрген, шығармашылығын бағалаған қаламдас достары мен бауырлары арнайы келді. Олардың қатарында Темірғали Көпбаев, Ермахан Шайхы, Сәкен Сыбанбай, Асқар Дүйсенбі, Күлайна Оразбекова, Бауыржан Әлқожа, Еркебұлан Қайназар, Бөрібай Оразымбетов, Бекмұрат Анарбаев, Бекарыс Шойбеков, Тұрар Тілеулиев, Айдар Сейдазым, Мұхтар Құралов сынды азаматтар болды.

Кеш қарсаңында ақынның кітаптары мен мерзімді басылымдарда жарияланған еңбектерінен көрме ұйымдастырылып, шара «Бекзат болмысты Бекжан» атты деректі фильммен ашылды. Аудан әкімі Бақыт Асанов ақынның туған жері мен шығармашылық мұрасының рухани байланысына тоқталса, замандастары оның азаматтық болмысы мен өнердегі ізденісі туралы естеліктерімен бөлісті. Арнау өлеңдерін оқыды.

Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрының әртістері ақын шығармалары негізінде сахналық қойылым ұсынды. Өзі білім алған оқу орнының жас шәкірттері өлеңдерін жатқа оқыды. Осы көріністердің өзі Бекжанның мұраларының кейінгі ұрпақпен бірге жасай беретінін сездіргендей.

Қазақ ән өнерінің майталманы, ақынның замандасы Саят Медеуов оның сөзі мен әніне жазылған «Мұңайма, қалқа» шығармасын орындағанда, залда отырған талай жанның жанарына жас үйірілді. Өзге өнерпаздар орындаған «Мақтаралым – мақпал әнім» туындысы тыңдармандарға ерекше әсер сыйлады.

Айтыскер ақындар Бекарыс Шойбеков, Еркебұлан Қайназар, Тұрар Тілеулиевтің арнау жырлары да кештің мазмұнын байытты. Бекжанның бала күнгі айтыстағы алғашқы қарсыласы болған Бекарыс Шойбеков:

Бір жігіт осындай-ақ болған шығар,
Артына өлмейтұғын сөз қалдырған, – деп, бауырының өнердегі жолына жырмен баға берді. Ал Еркебұлан Қайназар:

Тұмақта туған ұлының,
Жұмақта нұры шалқысын, – деген жүрекжарды жолдарын арнады.

Кештің ең әсерлі сәттерінің бірі – анасы Ұлбике Әшірбаеваның сөзі болды. Ол алыстан келген ағайынға, достарына, ұйымдастырушыларға алғысын білдіре отырып: «Бекжаным аз жасаса да, бекер ғұмыр кешпеген екен. Айналасына жақсы адамдар, қамқоршы достар жинаған екен. Осындай жандар барда менің балам да өлмейді», – деді.

Бұл кеш Бекжанның көзі тірісінде өткізуді армандаған шығармашылық есеп беру кездесуінің рухани жалғасы еді. Елімен сырласып, әні мен жырын туған жерімен қауыштырсам деген арманы болатын. Әттең, сол арманына әні мен сөзі жетіп, өзі қатыса алмай кетті...

Бекжанның биологиялық өмірі аяқталғанымен, әні тыңдалып, өлеңі оқылған сайын, еңбектері қайта зерделенген сайын оның рухани ғұмыры жалғаса береді. Мақтааралда өткен тағылымды кеш те осы ақиқаттың бір көрінісі еді.

Асқар Дүйсенбі,
ақын, композитор,
Қазақстан Жазушылар одағының
мүшесі

Ақындық – оның жан әлемінің айдыны

Бекжанның шығармашылық болмысындағы ең негізгі арнаның бірі – поэзия. Алғашқы қадамын айтыс өнерінен бастаған ол сөздің қадірін ерте таныды. Айтыстағы тапқырлығы мен ой ұшқырлығы кейінгі жазба поэзиясынан да аңғарылып тұратын. Ел ішінде қанатты сөзге, афоризмге айналып кеткен ой-орамдарының жұрт жадында қалуы да оның сөзге деген ерекше табиғи қабілетін көрсетеді.

Бүгінге дейін «Қоңыр әуен», «Айбергенов атындағы сағыныш» атты жыр жинақтары жарық көрді. Ақынның өзі күтіп жүріп, қолына ұстап үлгермеген «Жанартау» атты тағы бір жинағы таяуда мемлекеттік тапсырыспен басылып шықты. Кітап атауларының өзінен-ақ оның поэзия әлеміне тән көңіл-күйі мен көркемдік ізденісін аңғаруға болады.

Бекжан өлеңге өте жоғары талаппен қарайтын. Әр шығармасын қайта-қайта өңдеп, ой мен образды сүзгіден өткізбейінше жариялауға асықпайтын. Көңілі толмайынша тоқтамайтын. Әлеуметтік желіге салған өлеңдерінің өзі оның ішкі талғамынан, қатал шығармашылық талқысынан өткен дүниелер еді. Бұл – ақынның өз сөзіне деген жауапкершілігі ғана емес, оқырманға деген құрметі.

Қашаннан айтылып келе жатқан «Әдебиет – ардың ісі» деген қалыпты сөз бар. Бекжан осы ұстанымға адал болды. Өзі де «әдебиеттің серті – ешкімді қайталамау» дейтін. Бұл сөзді жай ғана әдемі тұжырым ретінде айтқан жоқ, шығармашылығында соған ұмтылды. Оның мына бір шумағы осы талаптың астарын ашатындай:

Ғарышкерден емес даңқы мысқал кем,
Бір керемет өлең жазу – ішкі әурем.
Телефоны тыңдалатын адамдай,
Әдебиетте сөйлеу керек тұспалмен.

Мұнда ақындықтың сыртқы даңқтан емес, ішкі ізденістен басталатыны аңғарылады. «Бір керемет өлең жазу – ішкі әурем» деген жолда шығармашылық адамның жан тыныштығын бұзатын, үнемі ізденіске жетелейтін жауапты еңбек ретінде көрінеді. Ал соңғы екі жолдағы астарлы ой – сөздің салмағын сезіну, ойды тіке айтумен ғана шектелмей, көркемдікпен жеткізу қажеттігіне меңзейді.

Бекжан көп ізденетін. Аға буын ақындардың шығармаларын зерделеп, олардың поэзиясындағы есте қалатын көркем тіркестерді, ойлы орамдарды жиі айтып отыратын. Бірақ біреудің қолтаңбасын қайталауға емес, өзіндік үн қалыптастыруға ұмтылды. Оның өлеңдерінен тосын теңеулер мен өткір образдарды, бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, астарында салмақты ой жатқан тіркестерді жиі кездестіруге болады.

Ақынның дүниетанымын танытатын бір ерекшелік – өмір құбылыстарына қалыптасқан дағдымен қарамай, олардың ішкі қайшылығын, адам көңіліндегі өзгерісін өзгеше қырынан бейнелеуі. Мәселен, «Адамдар тістеніп сөйлейді, күстеніп барады сезімдер», «Дос деген жалған куәлік жасатып алған жандар көп» деген жолдарында бүгінгі қоғамның адамдық қарым-қатынасындағы күрделі мәселелерге назар аударады.

Оның поэзиясында философиялық ой көбіне ұзақ толғаныс арқылы емес, қысқа да нұсқа, тосын бейнелі тіркес арқылы беріледі. Ақын кейде бір ғана образбен тұтас өмірлік құбылыстың сырын ашуға ұмтылады.

Аяқтың ғана ізі қап,
Аяқталмасын ғұмырың!

Бұл – соның бір мысалы. Ақын осы қалыптасқан ұғымды өзгеше өрнектейді. Аяқтың ізі қалса да, ғұмырдың жалғасы үзілмесін деген тілек пен философиялық астар қатар өрілген. Өмірдің жалғасы адамның артындағы рухани мұрасымен өлшенетінін аңғартады.

Бекжан поэзиясында адамгершілік, достық, сағыныш, туған жер, өмір мен өлім, уақыт пен тағдыр тақырыптары кеңінен көрініс табады. Оның өлеңдерінде сезім мен ой қатар жүреді. Жай ғана көңіл күйін білдіріп қоймай, сол сезімнің себебіне үңіледі, адамды ойлануға шақырады.

Мәселен, мына шумаққа назар аударайық:

Атамекен, айналайын киеңнен,
Шүкір айтам білгеніме дос таңдай.
Отанымды ойланбастан сүйем мен,
Оқулығы болмайды оның ешқандай.

Отанға деген сүйіспеншілікті ақын күрделі ұғымдармен түсіндірмейді. Оны адамның жүрегіндегі табиғи сезім ретінде қабылдайды. «Оқулығы болмайды оның ешқандай» деген соңғы жолы ерекше. Туған жерді сүюді үйрететін оқулық жоқ, өйткені ол – адамның бойына туған топырақпен бірге сіңетін қасиет. Ақынның азаматтық ұстанымы да осы жолдардан анық танылады.

Бекжанның туған жерге деген ықыласы оның әндерінен де, өлеңдерінен де байқалады. Сырт көзге сабырлы, болмысы байыпты болғанымен, жүрегі сезімге толы еді. Оның ақындық қуаты мен азаматтық ұстанымы бірін бірі толықтырып жататын. Сөзді орынсыз үйіп-төкпей, ойды салмақтап айтуы, адамға құрметпен қарауы – өз алдына бір өнеге.

Өмір мен өлім тақырыбы да ақынның шығармашылығында едәуір орын алады. Бұл тақырыпқа келгенде ол мұңға беріліп қана қоймай, өмірдің өткіншілігін, уақыттың тоқтаусыз қозғалысын, адамның тағдыр алдындағы дәрменсіздігі мен рухани беріктігін қатар толғайды.

Өмір жүйрік қара жирен,
Жылдар өтер сан түлеп.
Өлімге де қарап үйрен,
Ата-баба салты деп.

Мұнда өлімді үрейлі құбылыс ретінде ғана емес, адам баласы мойындауға тиіс өмір шындығы ретінде қабылдау бар. «Өлімге де қарап үйрен» деген ойдың астарында ата-баба танымына, өмірдің өткіншілігін түсінген халықтық философияға сүйену жатыр.

Тағы бір өлеңінде:


Ажалың жеткенше,
Өмір бұл қорғайтын.
Үзіліп кеткенше,
Үзіліс болмайтын, – деген жолдар арқылы өмірдің үздіксіз қозғалысын бейнелейді. Ал:

Өмірдің сыртында қап,
Сығалап тұрам бір күн... – деген тіркесінде өмір мен өлімнің шекарасын тосын образбен сезіндіреді. Бұл – ақынның өлім туралы ойды құрғақ философиялық пайыммен емес, көркемдік бейнемен жеткізуге бейімділігін танытады.

Жалпы, Бекжанның поэзиясын оқығанда оның сөзге ұқыптылығы, образ жасауға бейімділігі, ойды ықшам жеткізу шеберлігі бірден аңғарылады. Өлеңдеріндегі тосын тіркестер мен философиялық түйіндер ақынның өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған. Оның поэзиясын арнайы зерттеп, тақырыптық, көркемдік және дүниетанымдық тұрғыдан қарастыру – алдағы әдебиеттану ғылымының міндеттерінің бірі.



Әріптес ағалары



ӘЗІЛ

Бір бойжеткен көшеде тұрған Қожанасырдан шылым сұрапты.

– Әдемі аруға бір тал шылым бересіз бе? – десе, Қожекең:

– Ол әдемі ару қайда? Неге өзі келіп алмайды? – деген екен.

***

Қожанасырдың баласы құдық басында отырып нан жепті де, құдыққа нанын түсіріп алып, айқайлап жылай беріпті. Үйден жүгіріп шыққан Қожекең:

– О, не болды, не болды? – депті. Баласы солқылдап жылап:

– Наным құдыққа түсіп кетті,– дейді. Қожанасыр құдықтың түбіне үңіліп, суға түскен өзінің суретін көреді де ашуланып:

– Жас баланың нанын тартып алып жегенше, өле қалсаң болмай ма? – деп жерді бір теуіп, жүре беріпті.

***

Жұмыстан шаршап келген күйеуі әйеліне:

– Мен бүгін жақсылап демалайын. Біреу телефон шалса мені үйде жоқ дерсің, – деп тапсырыпты.

Көп өтпей үйдің телефоны шырылдай жөнеліпті. Тұтқаны алған әйелі:

– Сәлем, Серік! Үйде күйеуім бар, – деп сырбырлап жатыр екен. Мұны естіп қалған күйеуі:

– Мені үйде жоқ деп айт дедім ғой саған! – деп айқайға басып жатса, әйелі:

– Ренжімеші, сүйіктім, саған шалынған телефон емес, маған соғып жатыр, – деген екен.

***

Жігіт қызды сүймек болып жақындай бергенде, бойжеткен:

– Асықпа, тұрмысқа шықпай тұрып бұлай істесем болмайды, – десе, жігіт:

– Онда телефон нөмірімді жазып ал, тұрмысқа шыққан соң хабарласасың, – деген екен.

***

Жұмыстан келген күйеуін әйелі қуана қарсы алып:

– Біздің балақайымыздың тілі шықты, сөйледі. Бірінші айтқан сөзі «Папа» болды! – дейді.

– Шын ба, ей?! Ғажап болды десеңші! Қашан сөйледі?!

– Жаңа ғана, теледидардан шимпанзені көргенде!..

***

– Қарындас, әдепті қыздар күнде таңертең не істейді?

– Білмедім.

– Өзім де ойлап едім сені әдепті емес шығар деп...

***

Көше бойында отырған қайыршының мойнындағы жазу:

«1, 2, 5, 10, 20 теңгелер қабылданбайды!»

Дайындаған Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

«Qazaq uni» газетінің №43-44 санында жарияланған сөзжұмбақтың жауабы

Ш		А	М	М	А	Н				А		А		Е
Ы			А			Ұ		А	Қ	Т	А	Л	А	Р
М		И	З	У	М	Р	У	Д		Т		Х		М
К	Л	О	Д		Е	Л		А	Т	А	К	А	М	А
Е		Д	А	К	К	А			А	Ш	І	Ш	Е	К
Н						И	Н	Ж	Е	Н	Е	Р		Х
Т	Е	Г	Е	Н	Е		А		Т		М	А	И	Н
	В		Р		Н	О	Қ	Т	А		Е	Л	К	А
Т	А	И	М			Қ		Е	Л	І		И	О	Н
		М	А	С	Қ	А	Р	А				Е		А
		А	Н	Т	И			Т	Р	А	М	В	А	Й
Г	Е	Н		А	Т	С		Р	И	З	А		Б	
И		А	Л	М	А	Т	Ы		М	А	Н	Д	А	Т
Д	О	С		Б	Р	А				Р	А	И	С	А
Р		О		У		Қ	А	П		Д	С	П		Н
А	А	В		Л		А	Қ	А	Л	А		Л	А	К
	Р		Қ		А	Н	И	Л			Д	О	П	
В	Е	Н	О	К			Қ	А	З		И	М	А	Н
	Н		З	І	Л		А	Т	А	Н		А	Л	А
	А	Б	Ы	Р		И	Т	А	Р		О	Т	Ы	Н

КАРИКАТУРА



«МӘҢГІЛІК БАЛА БЕЙНЕ» АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Астанада Мемлекеттік сыйлықтың иегері, белгілі жазушы-драматург Роза Мұқановаың «Мәңгілік бала бейне» спектакль-кітабының таныстырылымы өтті. Қазақ және ағылшын тілдерінде жарық көрген туындының тұсаукесеріне қаламгерлер, ғалымдар, театр режиссерлері, әдебиеттанушылар мен мәдениет саласының өкілдері қатысты. Басқосуда шығарманың көркемдік ерекшелігі, көтерген әлеуметтік мәселелері және халықаралық оқырманға жол тартуының маңызы кеңінен талқыланды.



Қазақ әдебиетіндегі әлеуметтік тақырыптарды терең қозғайтын туындылардың бірі саналатын «Мәңгілік бала бейне» енді ағылшын тілінде де оқырманға ұсынылып отыр. Бұл – ұлттық әдебиетті әлемдік кеңістікке таныту жолындағы маңызды қадам. Кітаптың жаңа форматта жарық көруі шығарма мазмұнын шетелдік аудиторияға жеткізіп қана қоймай, Семей ядролық полигонының зардаптары туралы тарихи шындықты халықаралық деңгейде танытуға мүмкіндік береді.

Екі тілдегі басылымды жарыққа шығарған «Arman-PV» баспасының директоры Дидара Алинаның айтуынша, туындыға деген қызығушылық жоғары. Кітап жуырда Франкфурт қаласында өткен халықаралық кітап көрмесінде таныстырылып, шетелдік оқырмандардың назарына ұсынылған.

– «Мәңгілік бала бейне» шығармасын жаңа форматта шығардық. Жуырда Франкфурттегі халықаралық кітап көрмесінде таныстырып, бүкіл әлемді қуанттық. Сұраныс өте жоғары болып жатыр. Өйткені бұл туынды шынайы өмірден алынған. Семей полигонының зардабы орасан болды. Кейіпкер Ләйләнің тағдырындай қасіретті тағдырлар көп. Сонымен қатар шығармада инклюзия мәселесі де қамтылған, – деді Дидара Алина.

Шығармадағы оқиға тағдырдың ауыр сынағына ұшыраған Ләйлә есімді қыздың өмірі арқылы өрбиді. Он алты жастағы кейіпкердің дене бітімі сегіз жасар баланың қалпында қалған. Оның өзгелерден ерекшеленетін сыртқы келбеті қоғам тарапынан түсіністік пен жанашырлықтың орнына аяусыз сөздер мен кемсітушілікке себеп болады. Тіпті жақындарының өзі оның жан дүниесіне үңілудің орнына, кемтарлығын бетіне басып, көңіліне жара салады.

Өзінің мұңын түсінетін жан таппаған Ләйлә адамдардан алыстап, түнгі аспанға, айға сырын ақтарады. Оның ішкі жан күйзелісі, жалғыздығы мен өмірге деген өкініші оқырманды бейжай қалдырмайды. Автор кейіпкердің тағдыры арқылы мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамдағы орны, олардың жан дүниесі, адамдық қадір-қасиеті мен мейірімге деген қажеттілігін терең бейнелейді.

Шығарманың негізгі идеяларының бірі – адамды сыртқы келбетіне немесе денсаулық жағдайына қарап бағаламау. Қоғамдағы әрбір адам құрмет пен қамқорлыққа лайық. Жазушы Ләйләнің қасіреті арқылы өзгелердің тағдырына түсіністікпен қарауға, кемсітушілікке жол бермеуге және жүрекке жара салатын сөздерден аулақ болуға үндейді.

Туындының астарында жеке адамның ғана емес, тұтас ұлттың трагедиясы жатыр. Семей ядролық полигонында жүргізілген сынақтардың салдары бірнеше ұрпақтың өміріне әсер етіп, адам денсаулығы мен табиғатқа орны толмас зиян келтірді. Ядролық жарылыстардың зардабын тартқан мыңдаған адамның тағдыры – халқымыздың тарихи жадында сақталған ауыр қасірет. Ләйлә бейнесі осы зұлматтың адам өміріне тигізген зардабын көркем тілмен жеткізеді.

Таныстырылым барысында театртанушы Нартай Ескендір де шығарманың әдеби және сахналық ерекшеліктеріне тоқталды. Оның айтуынша, Роза Мұқанова тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қоғамда ашық айтыла бермейтін күрделі тақырыптарды батыл көтеруімен ерекшеленді. Соның бірі – Семей полигонының зардаптарын адам тағдыры арқылы бейнелеген «Мәңгілік бала бейне» шығармасы.

Театртанушы туындының сахналық тарихына да назар аударды. 1996 жылы Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрында режиссер Болат Атабаевтың қойылымымен көрерменге жол тартқан «Мәңгілік бала бейне» трагедиясы қазақ театр өнеріндегі әлеуметтік маңызы зор шығармалардың біріне айналды.

«Қазіргі уақытта жылдар бойы орындалып келген атомдық сынақтар тоқтатылғанымен, оның экологиялық зардабының тереңдеп кеткендігі жасырын емес. Осындай қолдан жасалған қасіреттің көркем дүниеге айналып, сахна арқылы көрініс табуының өзіндік себебі бар. Роза Мұқанова Ләйләнің жеке басындағы тағдыр мен қасіретті көрсете отырып, тек тән жарасын ғана емес, жан дүниесіндегі арпалысты да ашып көрсеткен», – деді Нартай Ескендір.

Сонымен қатар ол жазушының әңгімелері мен пьесаларында қоғамның өзекті мәселелері көтеріліп, адам болмысы мен рухани әлемі терең зерттелетінін атап өтті.

Кездесуде сөз алған өзге де зерттеушілер Ләйлә бейнесіне тың көзқараспен қарау қажеттігін айтты. Олардың пікірінше, кейіпкер тек Семей полигонының зардабын тартқан жанның бейнесі ғана емес. Ол – қоғамның қалыптасқан қағидаларына сыймайтын, өзгеше ойлайтын, өзіндік ұстанымы бар тұлғалардың да символы.

Осылайша, қазақ әдебиетінің маңызды туындыларының бірі ағылшын тілінде жарық көріп, халықаралық оқырманға жол ашты. Шығарма арқылы әлем жұртшылығы қазақ халқының тарихи қасіретімен, адам тағдырына қатысты әлеуметтік мәселелермен және ұлттық әдебиеттің терең мазмұнымен таныса алады.

qazaquni.kz

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОС КИНО ЖАҢА БЕЛЕСКЕ КӨТЕРІЛДІ

Соңғы жылдары Қазақстанның киноиндустриясы айтарлықтай серпін алып, отандық фильмдер көрермен ықыласына бөленіп келеді. Ұлттық кино туындыларының кассалық көрсеткіштері артып, қазақстандық көрерменнің өз өнімдерімізге деген қызығушылығы күшейген. Бұл үрдіс кино саласының шығармашылық әрі экономикалық әлеуетінің артып келе жатқанын аңғартады.

Отандық кинопрокаттағы айтулы жетістіктердің қатарында «Заманback 2» және «Бажа» фильмдері бар. Атап айтқанда, «Заманback 2» картинасының прокаттан түскен табысы 1 млрд 600 млн теңгеге жетті. Осылайша фильм былтыр көрерменге ұсынылған алғашқы бөлімнің 1 млрд 480 млн теңгелік көрсеткішінен асып түсті.

Бұл нәтиже фильмнің жалғасына деген көрермен сұранысының жоғары екенін көрсетеді. Алғашқы бөлімнің табысты болуы екінші туындыға деген қызығушылықты арттырса, жаңа картинаның кассалық нәтижесі отандық киноның коммерциялық мүмкіндіктері кеңейіп келе жатқанын дәлелдейді.

Ал «Бажа» комедиялық фильмінің кассалық түсімі 1 млрд 100 млн теңгені құрады. Көрерменге жеңіл әзіл мен күнделікті өмірге жақын оқиғаларды ұсынған туынды да қазақстандық прокатта жоғары көрсеткішке қол жеткізді.

Мамандардың пікірінше, мұндай нәтижелер отандық кино өндірісінің дамуына жаңа серпін береді. Өйткені фильмдердің табысы тек шығармашылық топтың еңбегін бағалаумен шектелмейді. Ол продюсерлерге, режиссерлерге, актерлерге және кино өндірісіне инвестиция салатын кәсіпкерлерге жаңа мүмкіндіктер ашады. Сонымен қатар қазақстандық фильмдердің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, ұлттық кино нарығының ауқымын кеңейтеді.



Соңғы уақытта киноиндустрияда тағы бір жағымды үрдіс байқалады. Бұл – отандық продюсерлер мен шығармашылық топтардың бір-біріне қолдау көрсетуі. Бұрын әр жоба көбіне жеке коммерциялық бастама ретінде қарастырылса, қазір сала өкілдері әріптестерінің туындыларын да насихаттап, көрерменді ортақ мақсатқа жұмылдыруға атсалысып жүр

Осындай өзара қолдаудың игілігін «Бауыр» фильмі де көріп отыр. KINO.KZ платформасында небәрі үш күн ішінде фильмге 18 700-ден астам билет сатылған. Бұл көрсеткіш көрерменнің отандық киноға деген қызығушылығы жоғары екенін және бірлескен жарнамалық қолдаудың нәтижелі бола бастағанын аңғартады.

Кино саласы өкілдерінің пікірінше, әріптестердің бір-біріне қолдау көрсетуі ұлттық кино нарығында жаңа мәдениетті қалыптастыруы мүмкін. Өйткені бір фильмнің жетістігі екінші туындының да көрерменге жетуіне ықпал етеді. Ал отандық картиналардың прокаттағы табысы артқан сайын, кино өндірісіне деген сенім де нығая түседі.

Бұл ретте көрерменнің рөлі ерекше. Ұлттық киноны қолдау – тек билет сатып алумен шектелмейтін, отандық шығармашылыққа деген құрметтің көрінісі. Әрбір көрерменнің таңдауы киноиндустрияның дамуына, жаңа жобалардың дүниеге келуіне және талантты мамандардың өз мүмкіндігін көрсетуіне жол ашады.

«Заманback 2» мен «Бажа» фильмдерінің миллиардтық табысы, сондай-ақ «Бауыр» картинасына көрсетілген көрермен ықыласы қазақстандық киноның әлеуеті жоғары екенін көрсетеді. Бұл жетістіктер отандық кино өндірісінде бәсекелестікпен қатар ынтымақтастықтың да маңызы зор екенін аңғартады. Ең бастысы, ұлттық киноның өркендеуі үшін шығармашылық ізденіс, сапалы өнім және көрермен сенімі қатар жүруі қажет.

qazaquni.kz

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 жылға	қала үшін	ауыл/аудан үшін
	5750,88 теңге	5974,32 теңге

Мекемелер ТІКЕЛЕЙ ЖАЗЫЛУҒА болады

Газетке 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 теңге.
100 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 500 000 теңге.
1000 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 000 теңге.

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Оразәлі БАЙМҰРАТ
Бас редактордың орынбасары –
Құлтөлеу МҰҚАШ

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы -
Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
Аймақтағы тілшілер:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Тарату бөлімі:
Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340)
Астанада "Алты Алаш"
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).
Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте "Қазақпараттың" материалдары пайдаланылды.
Газет " Қазақ үні" компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ – 11 100
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй
Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31
E-mail: qazaquni.gazeta@gmail.com
www. qazaquni. kz

Кезекші редактор
Дастан Елдес

ТОО "Қазақ үні"
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО "БанкЦентрКредит"
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 в.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген